



ОТАНДЫҚ  
ӨНІМДЕР ЗАМАН  
ТАЛАБЫНА САЙ  
БОЛУЫ КЕРЕК

2-бет



МЕМЛЕКЕТТІК ТӨҢКЕРІС  
ЖАСАУШЫЛАР  
АТТАРЫН ҚАШАН  
ЖАРИЯЛАЙСЫЗДАР,  
БАС ПРОКУРОР МЫРЗА?!

5-бет



СӨЙЛЕГЕНІ –  
ҚЫЛЫШТАЙ,  
ҚАРАҒАНЫ –  
НАЙЗАДАЙ...

10-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№10 (984) 14.03.2022 жыл

## ...БАТЫРЛАРДЫ МАЙДАННАН АМАН КЕЛТІРДІ - МҰЗДЫБАЕВ ҚАЙТА ӨЛТІРДІ

АМАНАТҚА ҚИЯНАТ ЖАСАҒАН МҰНДАЙ МЫҢДАҒАН МҰЗДЫБАЕВ СИЯҚТЫ  
ӘКІМДЕРДЕН ҚҰТЫЛМАЙ ҚАЙДАҒЫ ЖАҒАРУ, ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!



### СҮЛУДЫҢ СЫРЛЫ КӨЗІНДЕЙ...

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленіп, жыр әлемінің шоқ жұлдызына айналған көрнекті ақын Қанипа Бұғыбаеваның туғанына 80 жыл толды. Осыған орай Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде наурыздың 17-і күні сағат 15.00-те «Найзағай бұтағына қонақтадым» атты еске алу кеші өтеді.

8-9  
бет



4  
бет

Ұлттық мүддені қорғап, көше аттарын қазақыландыруда қайрат көрсетіп, шырылдап жүргені үшін Бурабай аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі меңгерушісі Дина Қасымбаеваға рахмет. Әкімнің әйел ғұрлы қауқары жоқ екені ұсқынынан-ақ көрініп тұрғаны аянышты... «Егер көше атын өзгертсек, ол жерге асфальт төселіп, жарық пайда бола ма?» – дейді әкім Муздыбаев. Міне, біздегі аудан әкімдерінің асфальттан да төмен ойлау деңгейі! Асфальт пен жарық Ұлттық рухтан қымбат па сонда?! Бұндай, өмірі ұлттық рух, бабалар мұрасы, дәстүр жалғастығы, қасиет пен өсиет, тарихи таным мен өткенді қастерлеу, ұлт ұлыларын ұлықтау, ұрпақ сабақтастығы, Мемлекеттілік пен Ұлтшылдық, Патриотизм, Елді, Отанды сүю ұғымдарынан жұрдай пақыр қалай әкім болып, аудан басқарып жүр?! Бірақ бізде бәрі бола беретінін 30 жылдан бері көріп келеміз ғой...

## АРАЛАС МЕКТЕП АНА ТІЛІМІЗГЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕДІ

Қазақ тіліне келетін басқа да қауіп-қатер толып жатыр, оның бәрін тізіп шығу да мүмкін емес. Дегенмен, бүгін біз әңгіме етіп отырған «аралас мектеп» мәселесі өте маңызды. Алдында айтқанымыздай Үкімет түйе түгіл бие бермесе де, «енді қой сұрап қозы алсақ та жаман болмас» деген үмітпен ана тілімізге араша түсу, оның «аралас мектеп» сияқты бір қатерін болсын кейін қайтарсақ деген ұлт жанашырларының жанайқайы түсінікті және қолдауға тұрарлық. Отыз жылдағы тәжірибеміз көрсетіп отырғандай, тіл мәселесін бір күнде немесе бір жылда түпкілікті шешу біздер үшін қиын екенін түсіндік.

3  
бет

## РК: БЫТЬ В ХОРОШИХ ОТНОШЕНИЯХ И С РОССИЕЙ, И С ЗАПАДОМ

Если в 2020 году писали, что в мире идет «тренировка» будущего глобального формата мироустройства, то в 2021-2022 годах, надо признать, мировые игроки приступили к его формированию. У мировых держав война всегда была «ходовым» средством для достижения своих целей. В этом плане военные события в Украине – не исключение, а подтверждение – речь идет о новом переделе посредством войны.



12  
бет



Азат ПЕРУАШЕВ:

## ҚАЗАҚ ЕЛІ ҮШІН АЛАШТАН АСҚАН ИДЕЯ ЖОҚ

– Әлихан Бөкейханның тарихтағы ролі ерекше. Бабалар аманатын ұрпақтың санасына сіңіру үшін Алаш мұрасын тыңғылықты зерттеу керек. Осы бағытта «Ақ жол» партиясының атқарып жатқан еңбегі орасан зор.

16  
бет

# ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев елордада брондалған дөңгелекті техника шығаратын және жаңартатын «Қазақстан Пармаунт Инжиниринг» зауытын аралап көрді. Президентке отандық брондалған дөңгелекті машина шығару үдерісі көрсетілді және қазақстандық қорғаныс-өнеркәсіп кәсіпорны өнімдерінің көрмесі таныстырылды.



техникалар өндірісі саласындағы кең ауқымды міндеттерді жүзеге асырады. Зауытта өндірілетін барлық өнім халықаралық стандарт негізінде жасалынады.

Мемлекет басшысына компанияның жұмысы мен отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің бүгінгі жағдайы және алдағы жоспары жөнінде мәлімет

берілді. Зауытты аралап шыққан Қасым-Жомарт Тоқаев аталған саланы дамытудың перспективті бағыттарын айқындап берді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы отандық өндірушілерді қолдау қажет екенін атап өтіп, шығаратын өнімдерді техникалық тұрғыдан заман талабына сай жанартуға шақырды.

Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы зауыттың өндірістік орынжайларын аралап, шығарылатын өнім түрлерімен танысты. Кезінде Орталық Азияда алғаш рет жүзеге асырылған бұл жоба қорғаныс және машина жасау индустриясына сапалы серпіліс әкелетін кәсіпорын ретінде құрылған болатын. Техникалық жабдықталу деңгейі жоғары кәсіпорын әскери және азаматтық мақсатқа арналған

## АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ПРЕЗИДЕНТТІң ТҰРАҚТЫ НАЗАРЫНДА

Ақорданың Telegram-каналында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұрақты түрде оқитын басылымдарға видеосылу ұсынылды.

«Литер», «Аргументы и факты», «Комсомольская правда» газеттері, «The Economist» журналы бар. Мемлекет басшысы БАҚ көтерген өзекті мәселелер бойынша үнемі тапсырмалар беріп отырады, - делінген Ақорданың баспасөз қызметінің мәліметінде. Қ.Тоқаев мерзімді баспасөзді үзбей қарайтынын «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасына берген сұхбатында айтқан болатын. «Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана

ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал, теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін», - деген болатын Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы тұрақты оқитын отандық және шетелдік басылымдар арасында: «Egemen Qazaqstan», «Айқын», «Астана ақшамы», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан», «Жас Алаш», «Деловая неделя», «Время», «Казахстанская правда»,

## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР ҚАТАРЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Алматы қаласында бүгінде 26 018 көпбалалы ана тұрады. Оның ішінде 4 946-сы «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері. Алып шаһар еліміздің демографиялық дамуына үлкен үлес қосып келеді.

Қала әкімдігі дерегі бойынша Алматыда жыл басынан бері 696 адам көпбалалы отбасы мәртебесіне ие болған екен. Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы SMS арқылы рәсімделеді. Халықты жұмыспен қамту қызметтері түгелдей электрондық форматқа көшіріледі. Ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Алматы қаласының Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішінде көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыруда. Қалада «бір терезе» қағидаты бойынша көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға арналған қалалық және 8 аудандық «Бақытты отбасы» орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтың негізгі мақсаты көпбалалы отбасылардың өмір сүру сапасын арттыру, Алматы қаласында тұратын азаматтардың экономикалық дербестігі мен өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін ынтылдандырылуына ықпал ету.

## ҚОЛДА БАРДЫҢ ҚАДІРІН БІЛМЕЙ ОТЫРМЫЗ

Отандық тоқыма жүн өнімдерін өндірушілер шикізат тапшылығын бастан кешіп отырғанда, жүн өндірушілер қарапайым және тиімді технологияларға, сондай-ақ өндірілген шикізатты қайта өңдейтін бизнесті қолдауға мұқтаж болып отыр. Бұл туралы сенатор Мұхтар Жұмағазиев Премьер-министрдің атына жолдаған депутаттық сауалында айтты.



байланысты шаруалар өртеп жіберуге мәжбүр», - деп атап өтті М. Жұмағазиев. Депутаттың айтуынша, қазір жүн өңдеу саласын қайта құру және жаңа технологиялық өндірістер енгізу, шаруаларға мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру қажет. Мәселен, шикізат өндіру және тері мен жүнді бастапқы өңдеу мәселелері Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзырына жатады, ал терең өңдеу Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне қарайды. Нәтижесінде, іске асыруға тиісті мемлекеттік қолдау шаралары бір-бірін жалғастырып, толықтырмайды. Сенатор бұл саладағы жұмысты түгелдей Ауыл шаруашылығы министрлігіне беруді, министрлігіне беруді, тұтынушылардан жүн, тері сатып алудың орталықтандырылған жүйесін ұйымдастыруды ұсынды.

Қой өсірумен елімізде 4 мыңға жуық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер айналысады, ал жүн өңдейтін зауыты небәрі – 13. Қолда бар деректер бойынша, сұраныстың жоқтығынан немесе шикізат болмағандықтан бөтен елдерге жүн өңдейтін 6 кәсіпорын жұмыс істеген жоқ, ал істеп тұрған 7 кәсіпорынның жүктелуі жалпы алғанда 30%-ды ғана құраған. «Отандық алып-сатарлар тек биязы қой жүнінің бір келісін 100-150 теңгеден қабылдайды. Ал бір қойды қыркуға кететін шығын 300-500 теңгеге дейін. Оның үстіне жүнді өткізу мәселесі де жолға қойылмағанына

## ҮКІМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫН ЖҰРТҚА ЖҮЙЕЛІ ТҮСІНДІРУ МАҢЫЗДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов халқымызға Үкіметтің атқарып отырған жұмысын жүйелі түсіндіру аса маңызды екенін айтты.

Әлихан Смайылов Үкіметтің кезекті отырысы барысында бірнеше сала басшыларына тапсырма берді. Ұлттық экономика министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірге бағдарламадағы іс-шаралардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуді, Индустрия, Ауыл шаруашылығы, Энергетика және тағы басқа министрліктер мен әкімдіктер тұрақты жұмыс

орындарын құру үшін өнім өңдеу саласында инвестжобаларды іске асыруды, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерін пысықтауды, Еңбек министрлігіне мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, еңбек табысындағы айырмашылықты азайту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды, бюджеттік қызметкерлердің орташа жалақысын арттыруды қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен бірге барлық деңгейдегі әкімдіктердің тиімділігі мен рейтингін бағалауды қамтамасыз етіп, халқымызға Үкіметтің атқарып отырған жұмысын жүйелі түсіндіру керектігін қадап айтты.

## ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ

Халықтың еңбек етуден түсетін табысының үлесі соңғы 10 жылда 10,8 пайызға төмендеді. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров айтты.

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай Ұлттық экономика министрлігі мемлекеттік органдармен, Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және сарапшылық қауымдастырмен бірлесіп, кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейі бойынша нақты жағдайға талдау жүргізіп, бағдарлама жобасын әзірледі.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасында жұмысшы жастар мен халықтың әлеуметтік осал топтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру, бюджет жұмыскерлеріне лайықты жалақы, еңбек кірісіндегі теңгерімсіздіктерді жою, ауыл шаруашылығында, өңдеу өнеркәсібінде тиімді жұмыспен қамтуды дамытуды ынтылдандыру, кәсіпкерлік кірістің өсуін ынтылдандыру, табыстың сатып алу қабілетін қорғау сияқты бағыттарға басымдық қарастырылған. Осыған ұқсас бағдарламалар бізде бұрыннан бар болатын. Мәселе соның нақты орындалуында болса керек.

## «АМАНАТҚА» ЖАҢА ХАТШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Кез келген партия халықтың белгілі бір тобының саяси ұжымы екені белгілі. Партия өзінің сол мыңдаған өкілдерінің мүддесіне, арман-мақсаттарына орай жұмыс істеуге міндетті.

Ондаған жылдар «Нұр Отан» партиясы болып келген еліміздегі билік патриархы өзінің атауын өзгертіп «Аманат» атанып, қатарларын тазартып, өздерінің алдына жаңа міндеттер қойғаны бәрімізге мәлім. Партия Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қаулысымен «AMANAT» партиясының хатшысы болып Ринат Думанұлы Кертәев тағайындалды.

Ринат Думанұлы бұған дейін «Хабар» Агенттігі» АҚ Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы

болып қызмет еткен. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Қоғаммен байланыс» мамандығы бойынша бірінші жоғары білімін алды. Кейін сол жерде «Журналистика» мамандығы бойынша магистратураны тәмамдаған. Д.А. Қонаев атындағы экономика саласында өз кәсіби біліктілігін кеңейтті.

Ринат Думанұлының еңбек жолы «Хабар» Агенттігі» АҚ-ның дамуымен тікелей байланысты. «Хабар» телеарнасының жаңалықтар бөлімінде ақпараттық бағдарламалар дирекциясының редактор-талдаушысы, Бағдарламалар дирекциясында бас продюсері сияқты бірқатар жауапты қызметтерді атқарды. 2019 жылы Ринат Думанұлы «Құрмет» орденімен марапатталды.

## МӘСІМОВТЫҢ МИЛЛИОНДАРЫ ТӘРКІЛЕНДІ

Тергеушілер Ұлттық қауіпсіздік комитетінің экс-төрағасы Күрім Мәсімовтің 17 млрд-Сұлтан Мәсімовтің 200 мың доллар тәркіледі. Бума-бума ақша шабаданға нығыздалып салынған екен.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті аса құпиялығына қарамастан, «Мәсімов ісіндегі» кейбір деректер мен фотосуреттерді жариялады. Мәсімов ұсталысымен, оның астанадағы үйіне тінту жүргізілген. Сән-салтанаты жарасқан зәулім

сарайдан бизнес санаттағы 11 машина, әрқайсысы 5 миллион теңге тұратын қолсағаттар, қолма-қол ақша, тінту алтын құймалары табылған. Мұның бәрі экс-төрағаға пара ретінде беріліп келуі мүмкін деп күдіктенеді тергеушілер. Ал пара, ауызбастырық ретінде алынған миллиондарын Мәсімов шетел асырып отырды. Мәселен, Үкіметті басқарған кезде ірі бизнесмендердің бірінен элиталы коттедж, 2 жарым миллиард теңгенің жер телімін алған. Қазір шекара асқан ақшаны ел қазынасына қайтару жүргізіліп жатыр.

**Заң жүзінде мемлекеттік мәртебесі болғанымен ана тіліміздің бүгінгі мүшкіл жағдайы ата-бабадан мирас болып қалған атамекенінде тіршілік етіп жатқан, жүрегі ұлтым деп соққан әрбір қазақты айырықша алаңдатып отырғаны жасырын емес. Өз отанында, өз туған жерінде ана тілін кең қолданысқа енгізе алмау бір қарағанда санаға сиымсыз, адам сенгісіз құбылыс. Бірақ бұл бастан кешіп отырған шындық осы...**

қазақтар ғана емес, әртүрлі ұлт өкілдері де болды.

ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің 2019 жылғы 6 қыркүйекте өткен бірінші отырысында тіл мәселесін жоғалдырған бойы айтып келе жатқан қоғам қайраткері, белгілі ақын, ҚР Мәжіліс депутаты Қазыбек Исаның Атазаңдағы орыс тілі туралы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастап, «Мемлекеттік тіл туралы заң» қабылдау керектігін кезекті рет көтеруі де қоғамда үлкен қолдау тапты. Қазақ қоғамы қайта-қайта талап қоюына байланысты ҚР

ана тілімізге қосымша кедергі болып келе жатқан — аралас мектеп мәселесі. Бұл жолы атақты ақын-жазушылар, көрнекті ғалымдар емес, көпке танымал кәсіпкер, өзінің қайырымдылық істерімен, ұлтжандылығымен белгілі болған Бекзәкір Құралбай бастама көтерді. Оның айтуынша елімізде аралас мектептер қаптап кеткен, осыдан арылмай ұлттық негіздегі Жаңа Қазақстан құру мүмкін емес. Бұл бастама да қызу қолдау тапты. Республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде осыған орай «Алматы

пікірлердің біразын ғана келтіріп отырмыз, олардың саны өте көп.

Осы тұста мына бір жағдайды айта кетпеске болмайды. Осы аралас мектептердің ашылуы сонау кеңестік кезеңде басталғаны белгілі. Өзіміз көзіміз көрген өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының орта тұсында «балаларымыз орысша оқымас нанын тауып жей алмайды» деген жансақ ұғым пайда болған-ды. Оны да түсінуге болатын, елуінші жылдар ортасында тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты Ресей мен өзге респу-

көбісі түрлі шетелдік, әсіресе ресей фильмдері басымшылыққа ие. Бұл киноларда біздің ұлттық тәрбиеге сай келмейтін анайы көріністер ашық көрсетіледі. Қазақша хабарларға назар аударсаңыз кейбір атауларына дейін орысша, ол аз болса оған ағылшынша қосылды. Біздің ойымызша ұлттық ұстаным жөнінен біздегі тек қана таза қазақ тілімізде хабар тарататын Шалқар радиосы ғана мақтана алады.

Үшіншіден, мына техника-шұғыл дамыған заманда телефон-смартфонның да қазақ тілі үшін қауіп мол. Бүгінгі күні кез келген үйден тілі шықпаған баланың қолынан смартфон көретін болдық. Ал оның бәрі орыс тілді. Оны бермеске ата-аналарының амалы қалмағандай. Смартфонды бермесе кіп-кішкентай бала үп-үлкен шатақ шығарып, айқайлап жылап, тіпті сазарып-бозарып талып қалатын кездері де болатынын көзіміз көріп жүр. Ондай ұрпақтың тілі орысша шығатыны белгілі. Бұл да ойланатын мәселе.

Қазақ тіліне келетін басқа да қауіп-қатер толып жатыр, оның бәрін тізіп шығу да мүмкін емес. Дегенмен, бүгін біз әңгіме етіп отырған «аралас мектеп» мәселесі өте маңызды. Алдында айтқанымыздай Үкімет түйе түгіл бие бермесе де, «енді қой сұрап қозы алсақ та жаман болмас» деген үмітпен ана тілімізге араша түсу, оның «аралас мектеп» сияқты бір қатерін болсын кейін қайтарсақ деген ұлт жанашырларының жанарайқайы түсінікті және қолдауға тұрарлық. Отыз жылдағы тәжірибеміз көрсетіп отырғандай, тіл мәселесін бір күнде немесе бір жылда түпкілікті шешу біздер үшін қиын екенін түсіндік. Сондықтан тілімізге төнген бір қатердің салдарын жоюдың өзі үлкен жеңіс болар еді.

Жақында Жазушылар үйінің кітапханасында «аралас мектеп» мәселесіне байланысты отырыс болды. Оған осыған мұрындық болып жүрген кәсіпкер, меценат Бекзәкір Құралбай, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымының докторы, профессор Ахмет Токтабай, «Өнер» баспасының директоры, жазушы, публицист Әшірбек Көпішев, белгілі ақын Болат Шарахымбай және БАҚ өкілдері қатысты. Отырыста «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы, ақын Токтарәлі Таңжарық жүргізіп отырды. Отырысқа қатысушылар тілімізге қауіп төндіретін аралас мектептерді жауып, таза ұлттық мектептерін ашу жолдарын қарастырып, әркім өз ойларын ортаға салды. Ол үшін осы мақсатта алғашқы кезеңде тұрақты жұмыс істейтін белсенді топ, яғни, шағын қоғамдық ұйым құрудан бастауды жөн санады. Ұйымға қоғамдағы ана тіліне жанашыр, мүдделі азаматтарды тартып, сол арқылы білім саласы мемелеріндегі мамандармен байланысып, мәселені шешетін мүмкіндіктерді жан-жақты зерделеп, одан кейін халық атынан Үкіметке ұсынысын шығу жоспарланды. Әрине, ұйым құру оңай жұмыс емес, әркімнің бас көтерпейтін өз шаруасы бар. Теңіз тамшыдан құралады демекші, ын-талы топ жемісті жұмыс істесе оны қолдаушылар да табылады. Өйткені бұл ұлтымыздың тіліне, тіпті тағдырына қатысты маңызды мәселе. Ал тілімізді қорғау, дамыту мақсатындағы жұмыстың үлкен, кішісі болмайды. Жанадан құрылған ынталы топтың тіл майданында жеңістерге жете беруіне тілектеспіз және оған қолдау көрсетуге бәріміз де міндеттіміз.

# АРАЛАС МЕКТЕП

## АНА ТІЛІМІЗГЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕДІ

Тіл мәселесі елімізде сонау Тәуелсіздікті таңы енді қылаң бере бастаған кезеңнен бері ұдайы айтылып келеді. Тіпті, қылышынан қан тамған, сынаржақ саясаты түптеп келгенде бір ғана орыс ұлтына қызмет еткен қызыл коммунистік қоғамның өзінде Алаштың арыстары өз бастарын қатерге тігіп, ұлт мәселесін, оның ішінде қазақ тілінің сақталуы мен дамуы керектігін ашық айтқаны тарихтан белгілі. Егеменді ел атанған соң да қазақтың белгілі ақыны, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов ағамыз бастаған ұлт зиялылары тіл мәселесін тұрақты түрде көтерді. Мемлекеттік тіл ретінде тек қана қазақ тіліне артықшылық берудің орнына оған орыс тілін қосарлап, қазақ қоғамына қатысы шамалы көрші елдің тіліне де заңдық тұрғыдан еркіндік беріп қойдық. Мәскеуге жалтақтап қалған билік басындағылардың тізеге басып қабылдатқан ережесі, орыс тілін қолдауы — ақыры өз ана тілімізді әкеліп тұйыққа тіреді. Оған өткен отыз жылымыз куә. Отыз жылда қазақ тілі үшін жанайқай толастаған емес. Мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғау еліміздегі ең басты мәселеге айналды деуге болады. Өйткені тілін жоғалтса ұлт та жоғалады.

Еліміздегі көптеген басылымдарды айтпағанда, «Қазақ үні» ұлттық порталының өзінде осы жылдар ҚР Конституциясындағы 7-ші баптың 2-ші тармағын алып тастау туралы сансыз мақала жарияланды. 2017 жылғы 26 ақпанда жарияланған «Мемлекеттік тілдің тәуелсіздігі Ата заңдан Президентіне жіделді» атты Қазақстан Президентінің жолданған Ашық хатқа Әбдіжәміл Нұрпейісов, Дулат Исабеков, Асанәлі Әшімов, Қабдеш Жұмәділов, Өмірзақ Айтбаев, Мекемтас Мырзахметов, Төрегелді Шарманов, Камал Ормантаев, Нұрғали Нүсіпжанов, Төлен Әбділ, Амангелді Айталы, Смағұл Елубай, Сәбит Досанов, Ғаббас Қабышев, Темірхан Медетбек, Бексұлтан Нұржекеев, Исраил Сапарбай, Ұлықбек Есдәулет бастаған 125 ұлт зиялылары қол қойып, ұлттық мүдделерін білдірді. Ата заңдағы орыс тілі туралы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап еткен бұл Ашық хатты жүздеген мың адам әлеуметтік желіде қызу қолдап, саны жағынан бұрын болып көрмеген деңгейге жетті. Ұлт мүддесі үшін бұрын мұншалықты қалың қол жиналған емес-ті. Бұл бір ғана интернетке қолы жеткендердің саны, ал оның сыртында әлеуметтік желіні пайдаланбайтын қаншама миллион азаматтар да бар екені белгілі. Бұның қатарында тек қана



Мәдениет және спорт министрлігі бұл ұсынысты қолға алып, бүгінгі заман мен қоғам талабына сай Мемлекеттік тіл туралы заң жобасы тұжырымдамасын жасап, Үкіметке жіберді дегенмен осы күнге дейін нақты нәтиже жоқ, «баяғы жартас - сол жартас» күйінде қалып отыр. Ол аздай кейбір лауазымдылар «Бұл бүкіл халықтың тілегі емес, жекелеген топтың ғана талабы» деген пікірлерін ашық айтуда. Сонысымен орыс тілінен өлсе де ажырағысы келмейтіндіктерін көрсетуде. Ал шын мәнінде осы тілге қатысты референдум өткізсе халықтың басым бөлігі қолдап шығар еді. Бұрынғы таппаған соң Тіл туралы заң қабылдау қажеттігін айтып, қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына да хат жолданды. Өйткені Мемлекеттік тіл туралы заң жобасы Үкіметтен шықпай немесе Президент Әкімшілігінен әрі аспай, мемлекет басшысына жетпей қала ма деген күдік те жоқ емес еді. Елдің ендігі үміті мемлекет басшылығына келісімен ұлттық мүдделерімізді қорғауға баса назар аударған, «Ең бастысы — Қазақ тілі», «Қазақ тілі — ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керек» деп мәлімдеген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл мәселеге қатысты «Жаңа Қазақстан» құруды қолға алған бүгінгі Президентімізге сенім артады халық.

Қазақта «Түйе сұрасаң ұялғанынан бие береді» дегенге саятын ежелден қалыптасқан ұғым бар. Мемлекеттік тіл туралы заңның жуық арада қабылданбасына көзі жеткен, Үкіметтен түйе сұрап, бие де ала алмаған ұлтжанды тіл жанашырлары енді тілге қатысты тағы бір мәселені қолға алды. Ол

дүбәралардың ордасына айналды» атты көлемді мақала жарияланып, бірден қалың оқырмандардың қызу талқысына түсті. Көрнекті жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабеков аралас мектеп болмысымызға қарсы екенін, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы, кинодраматург Смағұл Елубай келер ұрпақ қор болмас үшін аралас мектептер жабылу керектігі жөнінде өздерінің негізделген тиянақты пікірлерін ашық білдірді. Одан кейін де ана тілімізге араша түскен пікірлер тасқыны толастаған жоқ. Аралас мектептер түбегейлі жабылып, оның орнын ұлттық мектептер басуы керектігі айтқан белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлы «Әр қазақтың азаматы бала жасынан мемлекеттік тілдің ұзынына қануы тиіс. Ал аралас мектепте қазақ тілі оқытылғанмен, орыс тілі «үстемдік етеді», балалар сабақтан шыға сала орысша ойнайды, орысша ойлайды. «Аралас мектеп» эксперименті қазақ тілі үшін онсыз да түк бітірген жоқ. Сол үшін оны үзілді-кесілді тоқтату керек!» — деп жазды. Жазушы Нұрдәулет Ақыш «Аралас мектеп — ұлттық оқытуға, яғни, қазақ тіліндегі оқу үрдісіне кедергі келтіретін дүние. Менің байқағаным, аралас мектеп кесірінен, тіпті орыс сыныптары аз, қазақ сыныптары көп болып тұрса да, тілді былай қойғанда, балалар орыстелді ортаның психологиясын сіңіріп, рухани ұстамдарын қабылдап алады екен. Аралас мектептердің көбеюі — қауіпті, оған тым салынғаны абзал» — деп жазды «Қазақ әдебиеті» газетінде. Біз іргелі басылымда білдірілген

бликалардан әкеліп үйіп төккен орыстелділер жергілікті тұрғындарға қарағанда басым көпшілікке ие болып кетті. Әсіресе мұндай жағдай солтүстік, батыс және шығыс өңірлерде жаппай орын алды. Іс қағаздары да орысша жүргізіле бастады. Бұл әрине Мәскеудің жүргізген сұм саясаты болатын. Сөйтіп сырт көзге көріне бермейтін, Қазақстанды орыстандырудың жымьсықы науқаны жүргізілді. Дегенмен бір байқағанымыз, сол кезде аралас мектепте орыс сыныптарына барған іні-қарындастарымыз сабақты орысша оқығанмен шыға салысымен қазақша сөйлейтін. Өзгелер де тек қазақша сөйлейтін. Ал бүгінгі күні қазақ сыныбында оқыса да орысша сөйлегенді өзіне ынғайлы көретін ұрпақ пайда болды. Оған алдында айтқан аралас мектептердің қосар «үлесі» мол екені анық және тіліміздің дамуына, ұлтымыздың болашағына қауіп төндіреді.

Расында, аралас мектеп түгіл таза қазақ тілді мектепте оқитын балалардың өзі бүгінгі күні орыс тілдігі айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Оған бірінші кезекте үйдегі ата-аналарының бала тәрбиесіне жете мән бермеуі де себеп болып отырғанын айтқанымыз орынды. Отбасын қасыраймыз деп күні-түні жұмыс асымын жүрген әке-шеше ұрпағының болашағын тереңірек ойламайды. Олар баланы қымбат киіммен, тамақпен қамтамасыз етсе болғаны деп есептейді. Оған қоса өздері де орысша сөйлейді.

Екіншіден, біздегі толып жатқан телеарналардың әсері де өте зор. Қазақстандық телеарна бағдарламаларының жартысы орысша. Онда көрсетілетін кинолардың

# ДЕПУТАТТАР БАЛАЛАР ДӘРІГЕРЛЕРІ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ

«Ақ жол» депутаттары балалар дәрігерлері мәселесін көтерді. Фракцияның тиісті депутаттық сауалын Дания Еспаева мәлімдеді.

**ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ  
Е. Л. ТОҒЖАНОВҚА**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жана жылдық сөзінде 2022 жылды балалар жылы деп жариялады. Мемлекет Басшысы өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз екенін атап өтті. Сонымен қатар, ол әңгіме ұрандар мен мерекелік іс-шаралар туралы емес, ең алдымен – баланы қорғау мақсатында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы билік органдары тарапынан нақты шаралар туралы болып отырғанын атап өтті.

Мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау және балалардың проблемаларын шешу үшін тапшы балалар дәрігерлерін даярлау мәселесін көтеру қажет деп санаймыз. Жасыратыны жоқ, қазір біз медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде кәсіби балалар дәрігерлеріне үлкен тапшылық көріп отырмыз. Бұл проблема әсіресе шалғай өңірлерде байқалады.

2016 жылдан біздің фракция өзінің депутаттық сау-

алында медициналық жоғары оқу орындарында «педиатрия» мамандығының жойылуын санын алды. Кейіннен, 10 жылдық үзілістен кейін 2017 жылы педиатрия факультеттері қалпына келтірілді. Алайда, анықталғандай, бүгінде «педиатрия» мамандығы бойынша кадрлар даярлау мәселелерінде елеулі олқылықтар бар. Мәселен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары өңірлерге жасаған сапары барысында медициналық ұйымдардың мамандары педиатр-дәрігерлерді даярлау бойынша қалыптасқан жағдайды қарастыруды сұрады. Өтініш берушілердің пікірінше, бакалавриат деңгейінде педиатр мамандықтар бойынша педиатр-дәрігерлерді даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі мақсатты бағдарламасы бар педиатрия бойынша бейінді білім беру бағдарламалары жоқ.

Осылайша, балалар мамандарын даярлаудағы проблема қазіргі уақытта резидентура дәрігерлерін тапшы бейінді бойынша 50%-ға және педиатрия

бойынша 50%-ға орындалуда. Яғни, дәрігер-резиденттер ересек адам ретінде де жұмысқа орналаса алады. Алайда, балалар мамандығы таңдалмай, қалыс қалады. Негізгі бөлігі ересек тұрғындардың дәрігері ретінде шығарылады және жұмысқа орналасырылады. Бұл ЖОО-нан кейін түлек-резидент, яғни жас дәрігер балалар мамандығы бойынша оқуға барып, тағы 3-5 жыл кәсіби дағдылар алуы тиіс екендігіне байланысты. Нәтижесінде дәрігер білім алуы аяқтап, балалар педиатриясы бойынша мамандығын өмірінің 30-33 жылында ғана алады. Бұл кадрлар тапшылығын арттырады және мұндай принцип педиатрияда тапшы мамандықтар алуға деген ұмтылысты болдырмайды. Мысалы, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде ағымдағы кезінде педиатрия бейіні бойынша резидентураларда балалар хирургиясы, неонатология, педиатрия мамандықтары бойынша 46 адам оқиды. Бұл сан батыс өңірінің сұранысқа ие педиатр-мамандары бойынша жергілікті атқарушы органдардың өтінімдерінің жартысын да жаба алмайды.

Сонымен қатар, педи-



атр резиденттерді даярлаудың қолданыстағы бағдарламасы жұмысқа орналасуда қиындықтар туындайтын жалпы бейіндегі педиатрларды шығаруды көздейді, өйткені олар жоғары мамандандырылған емес. Ал емханалар мен стационарларға тек тапшы мамандар қажет: балалар пульмонологтары, балалар кардиологтары және тағы басқалары.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» депутаттық фракциясы төмендегілерді сұрады:

1) Бірінші кезекте педиатрия бойынша мамандарды даярлауға бағытталатын Жалпы Қазақстан бойынша педиатриялық қызметті дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеу.

2) Бакалавр және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық кезеңінде балалар мамандарын даярлау үшін үлгілік оқу жоспар-

ларын жеке енгізу.

3) Тапшы бағыттар бойынша балалар мамандықтары үшін жеке гранттар ұсынуды қарастыру, оның ішінде – бакалаврдан бастап жоғары мамандандырылған интернатура мен резидентураға дейін барлық мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарында педиатриялық факультеттердің толық көлемде жандануын қарау.

4) Интернатурада жалпы практика дәрігерлерін бағдарламаларда даярлау кезінде «педиатрия» бойынша кредиттер санын ұлғайту.

5) Педиатриядағы міндеттерді шешу үшін ғылыми-зерттеу институттарын, сондай-ақ мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарын тарта отырып, балалар аурулары бойынша ғылыми жобалардың үлесін ұлғайту.

**Құрметпен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары**

Қазыбек ИСА, Мәжіліс депутаты:

## МЕМЛЕКЕТТІК ТӨҢКЕРІС ЖАСАУШЫЛАР АТТАРЫН ҚАШАН ЖАРИЯЛАЙСЫЗДАР, БАС ПРОКУРОР МЫРЗА?!.



**3209 қылмыстық іс, оның ішінде: 15 – мемлекетке опасыздық жасау, өкілеттіктерді асыра пайдалану, билікті басып алу ісі, 46 – терроризм актілері, 94 – адам өлтіру ісі тергелуде.**

Талайды көрген тарихымызда 2022 жылғы қаңтардағы қанды қасірет бүкіл елімізді дүр сілкіндірді. Мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғандар өз мақсаттарына жетуі үшін тіпті, ең қасиетті Тәуелсіздігіміздің өзін құрбан ете жаздады. Мемлекетіміз сақталып қалды, құдайға шүкір, бірақ қаншама адамның қаны төгілді... Пейіште рухтары шалқып, Имандары саламат болсын.

Сондықтан да, 26 қаңтарда ҚР Парламенті Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса ҚР Біс Прокуратураға «МЕМЛЕКЕТТІК ТӨҢКЕРІС ЖАСАМАҚ БОЛҒАНДАР ТҮГЕЛ АНЫҚТАЛЫП, ЖАУАПҚА ТАРТЫЛУЫ ТИІС!» – атты «Ақ жол» партиясы фракциясының депутаттық сауалын жариялаған еді.

Бұл ел күткен маңызды зор депутаттық сауалға «Ақ жол» фракциясының барлық 12 мүшесімен бірге «Нұр Отанның»

6 депутаты, Халық партиясы мен Халық Ассамблеясынан бір-бір депутаттан, барлығы 20 депутат, яғни парламенттегі 4 фракция өкілдері түгел қолдап, қол қойған болатын.

Жақында осы депутаттық сауалға Біс прокуратураның жауабы да келді.

Алдымен ресми жауапты жариялайық.

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутатына (тізім бойынша)**

**Құрметті депутаттар!**

Бас прокуратура Сіздердің «қасіретті қаңтар» оқиғасына қатысты жолдаған депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Біс прокуратура қаңтар оқиғаларының себептері мен мән-жайларын анықтау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективті тергелуін, азаматтардың

конституциялық құқықтары мен заңдылықты сақталуын қадағалауды жалғастыруда.

Бүгінде қылмыстық қудалау органдары аталған оқиғаға қатысты 3 209 қылмыстық істі тергеп-тексеруде (2 740 – ішкі істер органдарының, 250 – арнайы прокурорлардың, 200 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, 15 – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, 4 – Экономикалық тергеу қызметінің іс жүргізуінде).

Анықтама ретінде: 1 868 – ұрлық, 94 – адам өлтіру, 46 – терроризм актілері, 45 – жаппай тәртіпсіздік, 15 – мемлекетке опасыздық жасау, өкілеттіктерді асыра пайдалану, билікті басып алу, қалған 1 141 іс – басқа да қылмыстық құқық бұзушылық фактілері бойынша тергеп-тексерілуде. Барлығы 1027 күдікті ұсталып, сот олардың 915-ін қамауға алды, 74-іне – ұйқамақ, 10-ына – ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат, 5-еуіне – жеке кепілгерлік, 13-іне – кепіл қолданылды, 8-іне

қатысты бұлтартпау шаралары қолданылмаған босатылды (2 бұлтартпау шарасы сотта қаралу сатысында).

ИС «Қадағалау» 20171213

Прокурорлар ұстауға негіздердің болмауына байланысты 103 адамды уақытша ұстау изолаторларынан босатты. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында ауырататын мән-жайлар болмаған кезде, жазаны жеңілдету бағытында тұрақты жұмыстар атқарылуда.

Қаңтар оқиғаларына байланысты соттар 9 300 әкімшілік істі қарап, олар бойынша 4 628 адамға ескерту жасады, 1 243 адамға айыппұл салды, 3 222 адамға қатысты әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жаза қолданылды. Өз кезегінде, прокурорлардың өтініш хаттары бойынша қамаққа алудан 1 153 адам босатылды, 779 адам бойынша айыппұлдар ескертулерге ауыстырылды. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты 2 169 адам қамақтан босатылды. Сотқа жеткізбей және соттарда 765 әкімшілік іс тоқтатылды.

Қазіргі уақытта әкімшілік қамаққа алынған адамдар жоқ. Қылмыстық істер бойынша қамауға алынғандар арасынан 157 адамға қатысты бұлтартпау шаралары (34 – ұйқамаққа, 109 – ешқайда кетпеу және тиісті мінез құлық туралы қолхатқа, 8 – кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беруге, 2 – кепілге, 4 – жеке кепілгерлікке) өзгертілді.

Сонымен бірге тергеудегі заңсыз әрекеттер туралы шағымдарды ерекше бақылауға алып, тексерудеміз. 2022 жылғы 23 ақпанға прокуратураға тергеп-тексерудің тыйым салуынан әдістерді білікті асыра пайдалану туралы 252 шағым түсті. Прокуратура органдары аталған санаттағы 53 қылмыстық істі тіркеді, ал қалған 144 істі басқа қылмыстық қудалау органдары бастаған (олардың ішінде Атырау қаласындағы «Динамо» спорт кешеніндегі ұсталғандарды ұрып соғу, үтікті пайдалану, сондай-ақ құқық қорғау органдарының

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СУБСИДИЯЛАУ ҚАҒИДАСЫ САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕСТЕНДІРІЛСІН

«Ақ жол» партиясы Ауыл шаруашылығын субсидиялау қағидаларын Салық кодексіне сәйкес келтіруді талап етті. Фракцияның бұл кезекті депутаттық сауалын Ерлік Өмірғали жария етті.

## ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Р.В. СКЛЯРҒА

«Ақ жол» демократиялық партиясы осыған дейін бұрын берілген субсидиялар бойынша электронды шот-фактураларға түзету енгізуге қатысты мәселе көтерген болатын. Қазіргі уақытта, кәсіпкерлікті дамыту барысында орын алған мәселелермен бірге, субсидияларды қайтару бойынша, оның ішінде кәсіпкер-жеткізушілерге бұрын бөлінген субсидиялар бойынша электронды шот-фактураларға түзетулер енгізуге байланысты проблемалық мәселелер де бар. Ақмола облысында 49 факті бойынша 465 миллион тенге жалпы соманың субсидиясын электронды шот-фактураларға түзетулер енгізген фактілер бойынша облыстық прокуратураның күмәнін туғызған еді.

Ауыл шаруашылығы басқармасы жоғарыда көрсетілген бағдарламаны жүзеге асыру барысында Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығымен бекітілген «Ережелерін» басшылыққа алады.

Ережеге сәйкес субсидия алу үшін қолданған электронды шот-фактураларды кері қайтаруға, күшін жоюға және түзетуге жол берілмейді. Мұндай жағдайлар Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында да көрініс тауып отыр, 2019, 2020 жылдар кезеңіне субсидияны қайтарудан бас тартқан кәсіпкерлерді Ереже нормасындағы ағаттықтардың кесірінен соттасып отырғанын көреміз. Біз бөлінген субсидиялар бойынша электронды шот-фактураларға түзету енгізуге қатысты жағдайларды айтып, қарастырып отырмыз.

Қазақстан Республикасының Салық кодексі жергілікті жердегі Ауыл шаруашылығы басқармалары ұстанатын Ауыл шаруашылығы министрінің Ережесінен жоғары тұрса да, заң белден басылып отыр. Бизнесінің дамуына кедергі келтіретін жағдайларды тудырмау мақсатында, нормативтік, құқықтық актілерді өзгертуге жедел қарқын назар аударған жөн. ҚР «Құқықтық актілер тура-

лы» заңына сәйкес әр деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қарама-қайшылықтар болған жағдайда ең жоғарғы деңгейдегі акті нормасы әрекет етеді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде субсидиялау жолдарын қайта тармақты қысқа мерзімде орындауды тапсырып: «Біз субсидия беруді жеңілдетуіміз және қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек» деп атап көрсеткен еді. Бұл ретте бұрын бөлінген субсидиялар бойынша электронды шот-фактураларды түзету енгізуге қатысты Агробизнес саласындағы жағдайды назардан тыс қалдырмауымыз қажет.

Осы айтылғандар негізінде «Ақ жол» фракциясының депутаттары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығымен бекітілген «Егін шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапалылығын арттыруды субсидиялау Ережелерін» Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес келтіру үшін өзгертулер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асыру аса қажет деп санайды.

Құрметпен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары



## БАСТЫ СҰРАҚТАР ҚАЙДА, БАС ПРОКУРОР МЫРЗА?!

Депутаттық сауалымызға белгіленген уақытында жауап берген сол кездегі ҚР Бас Прокурорының бірінші орынбасары, қазіргі Бас прокурор Б. Асылнов мырзаға рахмет айтамыз. Дегенмен, кәсіпкерлерге қатысты сұрақтарымызға жауап бермей, айналып өтіпті. Атап айтар болсақ, мемлекеттік төңкеріс жасамақ туралы бір ауыз сөз жоқ.

Біз депутаттық сауалымызда бүкіл ел күткен осы басты сұраққа жауап іздеп, ашық жаздық: «Мұндай қасиетті қазақ тарихына қаратаңбау үшін, Мемлекеттік төңкерісті жасамақ болған кімдер, басшысы кім, қосшысы кім, орындаушылары кімдер, бәрі толық анықталып, түгел жауапқа тартылуы тиіс!» — деп, атап көрсеттік.

Тағы бір айтарымыз, аса маңызды - Парламенттік тыңдау туралы да бір ауыз сөз қозғалмаған. Біз депутаттық сауалымызда: «Мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті толық тергеліп біткен соң, оның нәтижесін, Мемлекеттік төңкеріс жасаушыларды бүкіл ел білуі үшін Парламенттік тыңдау өткізу керек деп санаймыз» — деп атап айтқан едік.

Бұл туралы да бір ауыз сөз жоқ!

Бүкіл ел күткен Парламенттік тыңдауға қашан дайын боласыздар, Мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғандардың аттарын қашан жариялайсыздар, Бас прокурор мырза?!.

«Ақ жол» фракциясы мүшелері

ғимараттарына жеткізілген адамдардың қаза болу фактілері бойынша істер). Бұл істер объективтілікті қамтамасыз ету үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және арнайы прокурорларға тапсырылды. Әрбір қылмыстық іс бақылауда.

Қатыгездікпен қарау, сондай-ақ медициналық көмекті көрсетпеудің ықтимал жағдайларын тәуелсіз тексеру мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және басқа да адам құқықтарын қорғау ұйымдарына ұстау мекемелеріне кіруге рұқсат берілді.

Жергілікті прокурорлар қамауға алынғандардың ұстау мекемелерін күнделікті тексеруге, азаматтардың конституциялық құқықтары бұзылуының алдын алуға, сондай-ақ медициналық

және кепілдік етілген заң көмегін алу кезіндегі заң бұзушылықтар бойынша дер кезінде прокурорлық қадағалау актілерін қолдануға бағдарланған. Тергеу нәтижелері және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жұмыстары туралы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында жүйелі түрде жариялануда.

Құқық қорғау органдары анықса, қатысушылардың қылмыста, кінәлі адамдарды жазаға тарту, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті толық қалпына келтіруге бағытталған қажетті шараларды қабылдауда.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары Б. Асылнов

# «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ САУАЛЫ БОЙЫНША ШЕНЕУНИКТЕРГЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Ұлттық экономика министрлігінің, сондай-ақ ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің әрекетсіздігі фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды, деп хабарлады Бас прокуратура.

«2021 жылғы 15 қаңтарда Президент Әкімшілігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне Бас прокуратурамен, Ұлттық экономика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерімен бірлесіп, кірме жол операторларының, оның ішінде «Көлікке қызмет көрсету орталығы» АҚ қызметіне талдау жүргізуді тапсырды», - делінген ҚР Парламенті Мәжілісінің «Ақ жол» фракциясы депутаттарының сауалына Бас прокуратураның жауабында.

Қадағалау органының мәліметінше, көлік прокуратурасы монополистердің бәсекелестікке қарсы әрекеттерін (кірме жолдарға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етпеу) және монополияға қарсы заңнаманы бұзғанын анықтады. «Осы фактілер бойынша сегіз монополист ҚР ӘҚБТК-нің 164-бабы (табиғи монополиялар туралы заңнаманы бұзу) бойынша 13 миллион теңге айыппұл (төленген айыппұл) түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жалпы, прокурорлық қадағалау актілері бойынша алты монополия субъектісіне уақытша (өтемдік) тарифтер бекітіп, 17 субъекті табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіміне енгізілді», - делінген жауапта. Сондай-ақ, Бас көлік прокуратурасы осы саладағы субъектілердің қызметін реттеу бойынша ұсыныстар әзірлеп (жекешелендіруге жатпайтын темір жол жолдарының тізбесін жанартуға, кірме жолдарға қолжетімділікті қамтамасыз еткені үшін алым алу нормативтерін әзірлеуге, жолдарды жөндеу мерзімдерін белгілеу) БҚДА-ға жіберді (оларды орындау белгіленген министрліктерге жүктеледі).

«Алайда бұл министрліктер ұзақ уақыт бойы (10 ай) мемлекеттік бақылауды күшейтуге, жосықсыз бәсекені жоюға бағытталған қажетті құқықтық актілерді қабылдамаған. 12 ақпанда БКП-нің аталған фактісі ҚР Қылмыстық кодексінің 370-бабы (қызметтегі әрекетсіздік) бойынша Ақпаратты есепке алу кітабына тіркеліп, материалдар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке процессуалдық қарау үшін жолданды», — деп хабарлады Бас прокуратурадан.

Атап өткендей, бүгінде монополияға қарсы орган 20-адам астам монополистің тарифін орта есеппен 80%-ға төмендетті.

«Мысалы, ОКЖ тарифі Т2205-тен Т169-ға дейін төмендетілді. Табиғи монополияларды реттеу комитеті тарифтерді қайта қарауды жалғастыруда (соның ішінде «ППЖТ-1» ЖШС, «ППЖТ-2» ЖШС және «Фирма Энисей» ЖШС). ОКЖ-ның кәсіпкерлерге айыппұл салуына қатысты, 16 ақпанда БКП Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне және ҚР БҚДА-ға әсірлендірілген құқықтарын ОКЖ алымдарын өндіріп алу үшін субъектілерінің құқықтық баға беру туралы нұсқау жібергенін хабарлаймыз», - деп толықтырды Бас прокуратура.

Алайда, кірме темір жол монополистеріне қатысты іс әлі толық шешілмеген. Бұл туралы «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев телеграм каналында жазды.

— Бүгін таңертең әріптестерімізбен Петропавл қаласының қонақ үйінде таңғы ас ішкен кезде маған осы қонақ үйдің тағы бір қонағы келіп жүгінді. Ол Ақмола облысынан келген кәсіпкер екенін айтып, т/ж тұлғаларының монополистері бойынша мәселенің шешілгені үшін шын жүректен алғыс айтты. «Осы жылдар ішінде олар біздің қанша қанымызды ішті... Ұр тауарға олардың тарифтерін қосуға тура келді. Үлкен рахмет!».

Мен мәселе әлі толық шешілмегенін еске салдым. Қазір олар тарифтерді 10-12 есе төмендетуге міндеттелді. Бірақ алты ай немесе бір жыл өткен соң, бүгінгі наразылық ұмытылып, мәселе қайтадан пайда болуы мүмкін. Сондықтан, тарифтерді төмендету ғана міндет емес, кірме темір жолдарды өздері жұмыс істейтін кәсіпорындарға беру керек. Оның үстіне, бұл монополистер заңсыз сот шешімдері арқылы көптеген зауыттардың өз жолдарын мәжбүрлеп алып қойды.

Сондықтан мәселе әлі жабық алып, — делінген жазбада.

# «СЕН АДАМ БОЛМАЙСЫҢ!»

**Ұлтқа қарсы жұмыс істейтіндердің атасына нәлет!**

М.Шаханов

...Бір қазақ бір ауданның құлағын ұстапты дейді. Ұстаған бойда шопырын жіберіп, аулынан әкесін алдырыпты, кабинетін көрсетіпті. Сосын әкесіне қораздана, шекесінен қарап тұрып: «Әке, сіз маған адам болмайсың» деп ұрса беруші едіңіз, ал, мен, міне, білдей әкім болдым!» деп мақтаныпты. Сонда әкесі кең кабинетке сыймай тұрған ұлына: «Ақымақ, түкке түсінбепсің, мен саған әкім болмайсың деген жоқпын, мен саған адам болмайсың дегенмін!» деп, шығып кетті.



## ...БАТЫРЛАРДЫ МАЙДАННАН АМАН КЕЛТІРДІ - МҰЗДЫБАЕВ ҚАЙТА ӨЛТІРДІ

**АМАНАТҚА ҚИЯНАТ ЖАСАҒАН МҰНДАЙ МЫҢДАҒАН МҰЗДЫБАЕВ СИЯҚТЫ ӘКІМДЕРДЕН ҚҰТЫЛМАЙ ҚАЙДАҒЫ ЖАҢАРУ, ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!**

**Республикалық «Қазақ үні» ұлттық порталындағы белгілі журналист Өмірзақ Ақжігіттің ашынып отырып жазған (қаны қазақ, жаны азаттың шыдауы мүмкін емес шынында) мақаласындағы масқара оқиғаны көтеріп, менің де қан қысымым көтерілді.**

**Қане, дәрі-дәрмегімізді ішіп алып, қайта оқып көрейік:**

«Ақмола облысы Бұрабай ауданы әкімі Асет Мұздыбаев дегенін аудан орталығы Щучинск кентінен Едомская (?) көшесіне Бауыржан Момышұлының, Коммунистік көшесіне Рахымжан Қошқарбаевтың, Трудовая көшесіне Талғат Бигелдиновтің аты берілуіне қарсы шығып, көнбей қойыпты:

«Ономастикалық комиссияның оң шешіміне қарамастан бұл талқылау болмайды. Қазір қоғамдық-саяси жағдай бұған мүмкіндік бермейді. Егер көше атын өзгертсек, ол жерге асфальт төселіп, жарық пайда бола ма? Бұл қазір көтеретін мәселе емес» деп оттапты. «Ұрының аты өзіне сай болады» дейді ғой, қасында оның сөзін «есть важнее дела, чем переименование улиц» деп қосап, Щучинск қаласының әкімі Ерлан Қаппаров отыр). <https://azattyq-ruhy.kz/society/34765-burabaida-audan-kim-kazak-batyrlyryna-koshe-atauyyn-beruge-karsy-boldy>.

Бес күн бұрын осы өкімді жайлы оқығанда өз көзіме өзін білмедім. Тыпті, есеңгіреп, тамам астында не жазарымды білмедім. Оның үстіне сонау Астанада құда түсіп, жиен ұлға келіншек әкеліп, беташар-той өткізу қабаттасып кетті. Бәрібір, сыртым күліп жүргенмен, ішкі дүнием ұлып жүрді. Себебі, бұл үш батыр да жай ғана батыр емес, әлемде теңдесі жоқ ерлік жасаған ЕРЕН жандар – Бауыржанның Мәскеуді қорғағандағы даналығы мен батырлығы шет елдердегі әскери академияларда арнайы курс болып оқытылады, ал, Рахымжан Берлинді қоршаған 1,5 млн. әскердің ішінен Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен адам, Талғат Бигелдинов Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған.

Айтпай кетуге болмайтын нәрсе, Бауыржан мен Рахымжанның ерлігін Кеңес Одағының шовинистік орыс билігі лайықты бағаламаған. Берлинді қоршаған 1-Белорус майданының қолбасшысы Г.Жуков соңғы шабуылдың алдында «Рейхстагқа Ту тіккен адамға Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі» деп жариялап тұрып, Рахымжанға шабуыл алдында өз қолымен Туды тапсырған полк командирі Шатилов Жуковка телефон соғып, «аға сержант Қошқарбаев пен қатардағы сұраңгер Булатов Рейхстаг Ту тікті» деп сүйінші сұрағанда Жуков: «Е..матъ, каких ты азиатов суешь мне!» деп айқай салса; 1950 жылдары Жұмабек Тәшенов КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Төрағасының орынбасары ретінде Баукеңе Батыр атағын беру туралы мәселе көтергенде маршал И.Конеv «только через мой труп!» деп отырып алған.

Кеңес өкіметі осынау ерлердің ері - екі ЕРЕНДІ өздерінің көзі тірісінде бір қорласа (Ресейдегі Г.Булатов Рейхстагқа Ту тіккендігіне лайық Жұлдызы болмаған соң ауылдастарына шын батыр екенін дәлелдей алмаған қорлыққа күйініп, ішімдікке салынып өлген), Тәуелсіз Қазақстандағы аудан әкімі енді, оларға Т.Бигелдиновты қоса, олардың әруағын қорлап отыр. Өткенде Қостанайда, өзінің көзі тірісінде-ақ «қозақтық Рухен салуға қарсы шыққан Аскендинова, Өтебаева деген депутатсымақтардың қылығы анау.

Бұрынғы қазақ бұндайларды елден аластар еді – ол кезде елден қуылу (отаншыл қазақ рудың өзін елге тенең, танысқанда «елің не? деп сұрайды) ең ауыр жаза еді - бүгінгі билік тізгінін ұстағандар Мұздыбаевты ел түгіл жұмысынан қуатынына да үміт аз.

Кеңес өкіметі осынау ерлердің ері - екі ЕРЕНДІ өздерінің көзі тірісінде бір қорласа (Ресейдегі Г.Булатов Рейхстагқа Ту тіккендігіне лайық Жұлдызы болмаған соң ауылдастарына шын батыр екенін дәлелдей алмаған қорлыққа күйініп, ішімдікке салынып өлген), Тәуелсіз Қазақстандағы аудан әкімі енді, оларға Т.Бигелдиновты қоса, олардың әруағын қорлап отыр. Өткенде Қостанайда, өзінің көзі тірісінде-ақ «қозақтық Рухен салуға қарсы шыққан Аскендинова, Өтебаева деген депутатсымақтардың қылығы анау.

Бұрынғы қазақ бұндайларды елден аластар еді – ол кезде елден қуылу (отаншыл қазақ рудың өзін елге тенең, танысқанда «елің не? деп сұрайды) ең ауыр жаза еді - бүгінгі билік тізгінін ұстағандар Мұздыбаевты ел түгіл жұмысынан қуатынына да үміт аз.

Кеңес өкіметі осынау ерлердің ері - екі ЕРЕНДІ өздерінің көзі тірісінде бір қорласа (Ресейдегі Г.Булатов Рейхстагқа Ту тіккендігіне лайық Жұлдызы болмаған соң ауылдастарына шын батыр екенін дәлелдей алмаған қорлыққа күйініп, ішімдікке салынып өлген), Тәуелсіз Қазақстандағы аудан әкімі енді, оларға Т.Бигелдиновты қоса, олардың әруағын қорлап отыр. Өткенде Қостанайда, өзінің көзі тірісінде-ақ «қозақтық Рухен салуға қарсы шыққан Аскендинова, Өтебаева деген депутатсымақтардың қылығы анау.

Кеңес өкіметі осынау ерлердің ері - екі ЕРЕНДІ өздерінің көзі тірісінде бір қорласа (Ресейдегі Г.Булатов Рейхстагқа Ту тіккендігіне лайық Жұлдызы болмаған соң ауылдастарына шын батыр екенін дәлелдей алмаған қорлыққа күйініп, ішімдікке салынып өлген), Тәуелсіз Қазақстандағы аудан әкімі енді, оларға Т.Бигелдиновты қоса, олардың әруағын қорлап отыр. Өткенде Қостанайда, өзінің көзі тірісінде-ақ «қозақтық Рухен салуға қарсы шыққан Аскендинова, Өтебаева деген депутатсымақтардың қылығы анау.



Қаңтардағы оқиғаның бір ұшқыны ғана жетсе, көлеңкесі де табылмайды ғой мына әкімнің... 30 жыл орнынан қозғалмаған көше аттарын қазақыландыру қазір көтеретін мәселе болмағанда, енді тағы 30 жыл күту керек пе?

Ұлттық мүддені қорғап, көше аттарын қазақыландыруда қайрат көрсетіп, шырылдап жүргені үшін Бұрабай аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі менгерушісі Дина Қасымбаеваға рахмет. Әкімнің әйел ғұрлы қауқары жоқ екені ұсқынынан-ақ көрініп тұрғаны аяншыты...

«Егер көше атын өзгертсек, ол жерге асфальт төселіп, жарық пайда бола ма?»- дейді әкім Мұздыбаев.

Міне, біздегі аудан әкімдерінің асфальттан да төмен ойлау деңгейі! Асфальт пен жарық Ұлттық рухтан қымбат па сонда?!

Бұндай, өмірі ұлттық рух, бабалар мұрасы, дәстүр жалғастығы, қасиет пен өсиет, тарихи таным мен өткенді қастерлеу, ұлт ұлыларын ұлықтау, ұрпақ сабақтастығы, Мемлекеттілік пен Ұлтшылдық, Патриотизм, Елді, Отанды сую ұғымдарынан жұрдай пақыр қалай әкім болып, аудан басқарып жүр?! Бірақ бізде бәрі бола беретінін 30 жылдан бері көріп келеміз ғой...

Бұл басқарып отырған Бұрабай ауданы атакты айбарлы Абылай ханның ақ ордасы, Тәуелсіздік үшін күрескен соңғы ханымыз Кеңес өзі?! Әй, қайдам?! Жалпы, сол хандардың өзін білетініне күмәнім бар мынау масқара былығына қарағанда...

Бәлкім, Абылайдың түсіндегі бақашаянға айналып кеткен, азған ұрпағының бірі сол Бұрабай баурайында жүр ме екен?! Бұлар тіпті, бұдан 30 жыл бұрын Тәуелсіздік алғанымыздың өзін біле ме екен?! Бірақ, таңғалатын ешнәрсе жоқ! Мұндай Мұздыбаевтар мыңдап саналады!

Міне, біздің 30 жылғы Ұлтсыздық идеологиямыз!

Міне, біздің Тәуелсіздіктің берік тірегі болуы тиіс Ұлттық идеологиядан 30 жылдан бері түк те істелмегені!

Жиында отырғанның ішінде бір орыс жоқ, Мұздыбаевтан бастап бәрі бір ауыз қазақша қоспай, тек Ресей тілінде сөйлеп отыр! Мұны видеосының көргендер бұл бір Ресей губерниясының алыс орманды түкпірінде өтіп жатқан жиын екен деп ойлап қалатыны анық... Тілдері орысша болғанмен, түрлері ұқсамағанын кімдерге ұқсататынын кім білсін...

Бұл түрлерімен бұл екі әкімнің де Ақмола облысы әкімі Ермек Маржықпаевпен де, тіпті Президентпен де Ресей тілінде сөйлесетіні анық!

Жалпы, мұндай Мұздыбаевтар бізде әлі күнге мыңдап саналатыны өзек өртер өкінішті!

Асет Мұздыбаевтың (төлқұжатында да, қай жерде де Әсет Мұздыбай деп өмірі жазып көрмегеніне бәс тігемін) бұрынғы «Нұр Отан», қазіргі «Аманат» партиясының мүшесі екені, жай мұшесі емес ауданның филиалының төрағасы екені айдан анық.

Кеше ғана партия атын «Аманат» деген киелі ұғымды білдіретін атауға ауыстырып тұрып, ҚР Президенті Қасым Жомарт Тоқаев: «Біз «Аманат» деген атауға тоқтадық. «Аманат» ұзақ тілінен аударғанда бабалар өсиеті, ұрпақ аманат деген мағынаны білдіреді. Сондықтан партияның «Аманат» деп аталуын ресми түрде қолдаймын. Мемлекеттілік, дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз, міне, осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанады», – деп мәлімдеген еді.

Ал Қазақтың аты аңызға айналған нағыз батырларының атын қастерлеу – Бабалар Аманаты!

Ерекше Ерлеріміздің есімдерін қадірлеу – Ел Аманаты!

Ұлттық мүддемізді қорғап, Ұлыларымызды ұлықтау - Ұлт Аманаты!

Ендеше, Ақмола облысы Бұрабай ауданы әкімі Асет Мұздыбаев өз партиясы атын әкімі отырған Ұлт Аманатын таптап, қозақтық қызыл қанға батырған қызыл империя партиясының атын сақтап қалып отырған жоқ па?!.

Яғни, Аманатқа қиянат жасап отырған мұндай мыңдаған Мұздыбаев сияқты әкімдерден құтылмай қайдағы жаңару, қайдағы «Жаңа Қазақстан», қадірлі Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Қазыбек ИСА,  
ҚР Парламенті  
Мәжілісі депутаты

# «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ» ҚҰРУ – ПАРТИЯЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Қазақстандық қоғамдық даму институты жанындағы Сағар эксперттік клубының алаңында «Ұрпаққа АМАНАТ» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға Ермұхамет Ертісбаев, Айқын Қоңыров, Ерлан Саиров, Мәдина Нұрғалиева, Асхат Рахымжанов, Ғазиз Әбішев сынды саяси қайраткерлер, саясаттанушылар және басқа да сарапшы мамандар қатысты.

SARAP эксперттік клубының отырысын ашқан Қазақстандық қоғамдық даму институтының Басқарма Төрағасы Қазбек Өмірзақұлы күн тәртібіндегі қазақстандық саяси өмірдің негізгі жаңғыру тетіктері мен АМАНАТ партиясының ребрендингі жөніндегі пікірлерімен бөлісті. Бүгінгі күні қалыптасқан жағдай бойынша партияның дамуы сервистік және «адамға бағытталған» модельде болуы шартты екенін атаған Басқарма Төрағасы еліміздегі ең үлкен саяси құрылымның халық пен билік арасындағы негізгі байланыс көзі болып қала беретінін айтты. «Біздің бүгінгі кездесуіміз қаңтар айындағы қайғылы оқиғалардан кейін күн тәртібіндегі «Жаңа Қазақстанды» жүйенің толық трансформациялану процесін сарапшы-мамандармен бірге жан-жақты талқылауға бағытталған. Бүгінгі таңда ресми билік үкіметтің құрамын жаңартудан бастап, билеуші



партияның толық ребрендингімен осы үлкен міндетті орындауға кірісті. Бұл тұжырымдаманың басты мақсаты – жүйелі реформалар арқылы халықтың әлеуетін көтеру және ұйымдастыру», – деді ҚҚДИ Басқарма Төрағасы.

Сарапшылардың пікірінше, жыл басындағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы еліміздің әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын түбегейлі өзгертіп, ел тарихындағы жаңа дәуірдің саяси болуы қажет. Олар қаңтардағы оқиғалар қазақстандықтардың саяси белсенділігіне қалай әсер еткенін және азаматтардың саяси көңіл-күйлеріне өзекті өлшеулер жүргізу қажеттігін ерекше атады.

Ермұхамет Ертісбаев Қазақстандағы партиялардың алдында үлкен міндет тұрғанын, ол ең алдымен Президент Әкімшілігіне жүктелетінін айтты. «Кімшілігіне жүктелетінін елдегі саяси менеджментті жүзеге асырады. Бұл бағытта, оның ішінде партияның тұрақты құрамын қысқарту бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанын білемін. Күрделі халықаралық жағдайға қарамастан жаңа саяси партияларды тіркеу мүмкіндіктерді қажет етеді. Бұл тұрғыда АМАНАТ партиясына оңай болмайды, дегенмен партияның тәжірибесі, құрылымы, адамы, аппараты бар», – деді Ермұхамет Ертісбаев.

Ерлан Саировтың айтуынша, жалаң саяси реформа елдегі мәселені түпкілікті шешпейді.

Ол үшін ең алдымен халықтың әлеуметтік әл-ауқатын көтеру керек. «Саяси реформа керек. Алайда жалаң саяси реформа жасап, Парламентке 5-6 партияны саясатқа араластырып, бірақ әлеуметтік модернизация жасамасақ онда қанды қаңтардың қайталануы әбден ықтимал. Демек саяси тұрақтылықты қалыпқа келтіру тек қана саяси реформалармен шектелмейді. Ең алдымен халықтың әлеуметтік деңгейін көтеру керек. Біздің 19 млн. халықтың 1 миллионын әлеуметтік деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен», – деген Е.Саиров шекара аймақтардағы ауылдардың инфрақұрылымын дамытудың маңызды екенін де ескертті. Халықтың арыз-шағымының 60

пайызы сот шешімдеріне байланысты екенін айтқан ол сот институтына да өзгерістер керек екенін жеткізді. «Саяси аспекті деген кезде, бірінші, сайлау жүйесін либерализация жасауымыз, екінші, әлеуметтік модернизация жасауымыз керек. Үшіншіден, сот реформасы. Мәжіліске келетін реформалар және аймақтарда жүргендегі халықтың ең көп арызы соттардың шешімдеріне байланысты болады. Соттардың шешімдері түсініксіз, логикасыз, гуманизмге сәйкес келмейтін болып кеткен. Сондықтан біз сот реформасын да жасауымыз керек. Соттар да халықтың мүддесіне жұмыс істейтін тиіс», – деді Ерлан Саиров.

АМАНАТ партиясы қоғамдық саясат институтының директоры Мәдина Нұрғалиева бүгінде қоғамда мемлекеттік саясаткер-кәсіпкерлерге сұраныс өте жоғары екенін атап өтті. «Бүгінгі жағдайда саяси партияларға түсетін жүк ауырлайды. Өте көп жұмыс істелуі керек. Олардың саяси жауапкершілігін анағұрлым айқын көрсетіп, тиімділігін дәлелдеу керек», – деді ол.

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылғы 1 наурызда Nur Otan партиясының кезектен тыс XXII съезінде депутаттар АМАНАТ ұйымының атауын өзгертуге дауыс берді. Сонымен қатар, партияның атқарушы хатшысы Асхат Оралов партияны трансформациялау бағдарламасын таныстырған болатын.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАЛТАҒА ЕМЕС, НИЕТКЕ ҚАРАЙДЫ

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылында тұратын Нұрлыбек Иманбаев автолотериядан ұтып алған «Hyundai Accent» көлігінің қаржысын қайырымдылық мақсатына жұмсады.

Нұрлыбек Иманбаев өткен жылдың соңында ғаламтор арқылы жүргізілген лотерея ойынынан құны 7 млн. 519 мың теңге тұратын автокөлік ұтып алған болатын. Артық ақша ешкімге ауырлық етпейді, дегенмен Иманбаевтар отбасы өзара ақылдаса келе, ұтқан қаржыны түгелдей қайырымдылыққа жұмсамақ болып шешеді. Олар Алматыдағы лотереяны ұйымдастырушылардан ұтысты ақшалай беруді сұрайды. Ұтысты жария етуге қарсы болғанымен, жаналық бүкіл елге тарап кетіпті. Иманбаевтар отбасы ұтып алған қаржының бір бөлігін Алматыдағы қаңтар оқиғасын көзінде қаза тапқан Дәулет Жұпарбеков, Мейірхан Бітімнің отбасына, екінші бөлігін Оралда тұратын 5 жасар қыздың еміне аударған. Одан кейінгі қалған бөлігін қайырымдылық қорына жіберіп, туған жері Бисен ауылындағы мұқтаж жандарға материалдық көмек көрсетпекші.

Ұтыс иесі Нұрлыбек Машанұлының өзінде автокөлік жоқ екен. Соған қарамастан қолға келіп түскен қаржыны



қайырымдылыққа жұмсауды жөн көрген. «Екі аяғым бар, көлікке аса мұқтаж емеспін. Ең бастысы, басымыз аман, деніміз сау болсын. Жалпы, қайырымдылық істеріне бұдан бұрын да араласып келемін. Мақсатымыз – түрлі қиындыққа тап болған адамдарға көмектесу, балаларымызды соған тәрбиелеу. Өзім Бисен ауылында туып-өсіп, Біріккен Қазақстан Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжде, кейін Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясында дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша білім алдым. 2006-2009 жылдары сол колледжде дене шынықтыру пәнінен оқытушысы болдым. 2009 жылдан бері шекара қызметінде келісімшартпен жұмыс істеймін. Сержантпын, Шоңайда ел шекарасын күзетемін. Зайыбым Дина М.Мәметова атындағы орта мек-

тепте бастауыш сыныпта және ағылшын тілі пәні бойынша дәріс береді. Екі ұлым, бір қызым осы мектепте білім алып жүр» - дейді қайырымды жан ағынан жарыла.

Шекарашы болу – екіншісіне бұйырмаған мәртебелі қызмет екені белгілі. Жауапкершілігі мол міндет. Ол үшін рухың биік, күшқуатың зор болуы қажет. Нұрлыбек Машанұлы салауатты өмір салын ұстанып, спортпен үзбей айналысатынын айтады. Балаларын да спортқа баулып, тәрбиелеп келеді. Олардың алды бүгінгі өзінде спорттық табыстарға жете бастағанын мақтан тұтады. Ия, қайырымдылықта шек жоқ деген рас екен. Қалтасы қалың байлардың өздері бір теңгесін беруге қимайтынын білеміз. Қайырымдылық қалтадан емес, адамның ниетінен туындайтынын осыдан-ақ көруге болатын шығар.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ АШЫҚТЫҚ ҚАЖЕТ

Балаларға қосымша білім берудің бірыңғай веб-порталын әзірлеу қажет. Бұл туралы ҚР Премьер-Ералы Тоғжанов айтты.

«Білім және ғылым министрлігімен бірге балаларға қосымша білім берудің бірыңғай веб-порталын әзірлеу мәселесін де пысықтау қажет деп ойлаймын. Бірыңғай веб-портал секциялар мен үйірмелерге баратын балалардың статистикасын жүргізуге, мемлекеттік қаражаттың жұмсалыуына қадағалауға және ата-аналар үшін тиісті секцияларға өтінім беруге өте ыңғайлы деп есептеймін» – деді Ералы Тоғжанов. Оның айтуынша бұл жерде де мәселе аз емес. Бұған кей жерлерде азаматтардың қарсы шығып жатқаны да жасырын емес. Қалай болғанда да веб-портал өте ыңғайлы, ашықтықты барынша қамтамасыз етеді. Балалардың

қай жерде шұғылданып жатқанын, бапкердің біліктілігі туралы ақпараттарды алуға болады. «Нәтижелі ұйымдастырушының өзі тікелей алдымызда тұрған міндет», – деді бұған қоса вице-премьер Мәдениет және спорт министрлігінің алқа отырысында. Осы ретте Ералы Тоғжанов Мәдениет және спорт министрлігіне мемлекеттік спорттық тапсырысты Білім және ғылым министрлігінің қосымша білім беру жүйесімен ықпалдастыруды тапсырды. «Онай жұмыс емес. Бірақ, осыны ұйымдастыруымыз керек. Әрбір бала қайда баратынын білуі керек. Бала үйірмеге бүгін барғанымен бір айдан кейін айнып, басқа жерге барамын деуі мүмкін. Жарты жылдан кейін ойы тағы өзгеруі мүмкін. Негізгі мақсат бөлінетін ақшаның баланың соңында жүруі тиіс. Оның есебі болуы қажет», – деді Үкімет басшысының орынбасары.



Мазалап арман жанымды  
Алады жырмен уатып,  
Бола алмаймын сабырлы  
Сабырлы емес уақыт... — деп алғашқы  
өлең кітабымның (1963 жылы) бетін ашып-  
пын.

1958 жылы «Өзенім» деген өлең жазып-  
пын:

Сылдырап аққан, өзенім,  
Күлкіге өсте тоймайсың.  
Ысқылап арна өзегін.  
Шелекті тартып ойнайсың.

Сұлудың сырлы көзіндей,  
Суың мөлдір тұнықсың.  
Болмаса жырым өзендей  
Жанымды менің кім ұқсын.

Өлеңді алғаш 16-жасымда жаздым. Ақын болсам деген ойым жоқ болатын. Әйтеуір, шешем Нұрғайша маған көп кітаптар әкеліп ертегі аңыз, батырлар жыры, ғашықтар жыры, Қобыланды, Ер төстік, Алпамыс, Қыз Жібек, Айман- Шолпан, Қозы-Көрпеш, Баян-Сұлу т.б. оқытатын. Көрші көлең кеш түсе біздің үйге жиналып, дөңгелек үстелді қоршай отырып, менің аузыма қарайтын. Мен жаяу шамның әлсіз жарығымен ойлау жерден орғытып, қырлау жерден қарғытып, тез-тез зуылдатып оқитынмын өлеңдерді. Өзім тез оқығаным мақтанам іштей. Бірақ онша түсінбейтінмін... Келе-келе оқи берген соң ба, ішіме сөз сәулесі түсетін болды. Сөз сырына қанығып, бірте-бірте кітапқұмар болдым. Алты жасымда тізем шығып кетіпті де, ойнап жүріп, уақытында салынбай қалған екен. Мектепке де кейде бара алмай төсек тартып жатып қалатын едім... Ол кезде ауылда радио, телевизор дегенің жоқ. Әкем де шешем де колхоз жұмысында. Ерте кетіп, кеш келеді. Бір күні шешем дүкеннен қант әкел деп мені жіберді. Дүкенге кіріп барсам түлкі тымақ киген бір кісі маған қарап тұр. Сөйтсем кітап сыртындағы Илияс Жансүгіровтың суреті екен. Мен бірден осы кітапты сатып алып, үйге әкеліп оқығаным әлі есімде. Ондағы, әсіресе, маған «Бұлбұлға» деген өлеңі керемет әсер етті.

Сайрадың құйқылжытып

құбылжытып,

Тындадым тандайымның суын

жұтып, —

дегенін ұмытар емеспін. Сол кездерде «Талаптың мініп, тұлпарын әр қияға салған шақ», деп алғаш шешем іс машинасын сатып алып берді.

Ауылдағы көрші апайлардың көйлектерін пішіп тігіп алғысын алып жүрдім. Тігінші болғым келді. Бірде әтештің суретін кішкентай кілемшеге кестелеу әдісімен түсіріп, керегеме іліп те қойдым. Ою кестеге әуест болдым. Өте қызыққаш, еліктегіш болып өстім. Үйге біреу келсе жақсы көріп, оны бір жұмбақ аралдай көріп, оған барлау жасап, шешемнің басын шайқап, қой дегенін тындамай қойнына кіріп кететінмін. Киімімді айырбастап, сен сен ал деп адамдарды қуандырғанды жақсы көретінмін. Бірде үйге келген тәтенің қолдан оққан жәй сырғасына қызығып, өзімнің өкем Томскіден (жұмыс армиясында болған 6 жыл) әкеп берген алтын ай сырғамды беріппін. Шешем амал жоқ үндементі. Алғаш Күләштің даусын («Гэккуин») естіп, мен Күләштай әнші боламын деппін. Көңілімді ән әлемі жаулап алды. Ақсудың бойына барып, оңашада құстарға ұқсап ән салатын едім. Сонда менен асқан дүниеде әнші жоқ деп ойлайтынмын. Өте қызыққаш әсершіл едім. Неге мен Қыз Жібек болып ойнамаймын деп, Ақсу ауданының театрына ылғи баратынмын. Мені жұмысқа алуын сұрайтынмын. Ол кезде Әбітай Исақанов деген жігіт мәдениет үйінің меңгерушісі екен. Қолымда таяқ, ойымда түк жоқ алқынып, ән айтып берейін деп «Тау ішінде», «Бозжорға», т.б. «Гэкку», «Гауһартас» әндерін тұрдап беремін. Ол мені тындап, келіп тұр, кәзір орын болыңқырамай жатыр, аламыз сөзсіз, талантсың деп мені мақтайтынын ұмытпаймын. Сол театрдағы Назарбек, Дәмелі, Бағила секілді өнер адамдарына қатты қызығатынмын. Шіркін менде сахнаға шығып ән салсам солардай деп. Әлі есімде, ауылда радио жоқ, Ақсудағы Айсә деген апайдың үйіне барсам, керегесінде қап кара қалпақтай радиодан не түрлі ән, музыкалар беріліп, тұрғанын көріп, түбінен кеткім келмеген. Неше түрлі қалаларды аралап, музыка

**Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленіп, жыр әлемінің шоқ жұлдызына айналған көрнекті ақын Қанипа Бұғыбаеваның туғанына 80 жыл толды. Осыған орай Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде наурыздың 17-і күні сағат 15.00-те «Найзағай бұтағына қонақтадым» атты еске алу кеші өтеді. Бұл ретте оқырман назарына ақынның «Көңіл күнделігінен» аталатын жазбасынан үзінді ұсынуды жөн көрдік. Соңдай-ақ қазақтың айтулы шайыр қызының «Ұлылыққа тағзым» атты өлеңі жарияланып отыр.**

Бірақ бір күні радиодан әнші қызға деген ән берілді, байқасам әуені менің әнші жігітімге ұқсайтын секілді, содан қайтып ән айтуға құштар болсам да ән шығаруды қойып кеттім...

Менің алғашқы ұстазым анам Нұрғайша, ол кісі маған Абай, Қасым, Мәриямның Әбүдің өлең кітаптарын әкеп беріп оқытатын. Үйге «Қазақ әдебиеті» газетін және әйелдер журналын алатынбыз. Әсіресе, «Абай жолын» оқып бір өзге дүниеге еніп кеттім. Ғашықтық жайлы Абаймен Тоғжанның ара қатынасын, Әйгерімнің әнін естігендей болып өзім де боран соққанда адасып Абай секілді жігіт аттан түсіп, үйдің есігін таба алмай тұрғандай елегізуші едім. Оңашада Татьянаның Онегинге жазған өлең хатын әндетіп айтуға құмар едім... Домбыраға да ғашық болдым. Басыма жастап, күйші болғым келді. Бірақ «Елім-ай» әнін әререн үйрендім. Өз сезімім арқылы барлық білген

алпысқа келгенде оқып толқып отырмын. Шешем 1959 жылы қазан айының 29-да 49 жасында соңына біздерді тастап, көз алдымда көз жұмып кетті... Өмірге 9 ұл 1 қыз мені әкелген ол соңына 2 ұл бір қызын тастап кетті... Сондағы менің ойым — ол енді жұмыс, жұмыс деп жазда ыстыққа күйіп, қыста суыққа тонып, қиналмайды. Әкем тамақ тез дайын болмады деп ұрыспайды оған, енді ол демалады деп деп қуанғам. Бірақ олай емес екен. Анамның жоктығы өмір бойы жанымға батып, орнын ешкім баспайтынын қайдан білейін?

Алғашқы өлеңге талпындырған ұстаздарым Құдаш Мұқашев, Әбу Сәрсенбаев, үлкен жүректі журналист апай Ләзиза Серғазина болды. 1962 жылдары Ақсуға Алматыдан Әбу Сәрсенбаев, Тұманбай Молдағалиев деген үлкен ақындар келді. Маған Құдаш келсін деп хабар жіберіпті. Сара ауылының арасы 9 шақырымдай болатын. Сол жолы аудандық Мәдениет сарайына жұрт көп жиналды. Мен Әбу ағаға арнаған өлеңімді

# Сұлудың сырлығы



арқылы ұшып жүргендей күй кештім. Бір күн, екі күн, тегі түбінен, (тамақ та ішкім келмей) кеткім келмейді. Содан бір «Әнші жігітке» деген ән шығардым. Сөзін де өзім жазып, ынылдап айтып жүрдім.

Шыратып сұлу әнді сылқым жігіт,  
Жетеді-ау қыр басына сілкіндіріп  
Бөлесе бір көңілді қуанышқа,  
Кетеді-ау бір көңілді күрсіндіріп.

Сұлу үнді сылқымым,  
Жаны сазды сыршылым,  
Естімей сол әнінді,  
Қалай ғана тыншырмын?

Бір жанып, өзіңменен бірге өшемін,  
Жаныңды ән болмаса білмес едім.  
Ұғынып жан дүниенді жанарыңнан  
Әніне ән қайтарып тілдесемін...

әндерімді шерту деңгейіне жеттім. Суретші де, ұста да болғым келді. Бірақ осының бәрі тек менің сұлулыққа деген құштарлығым екенін кейін сездім. Тез ғашық болып, тез айнып қалатынмын... Әскердегі хат жазғыш жігіттерге қызық көріп өлеңмен жауап хат жазатын едім. Одан хат келсе қыздар күліп оқушы едік. Шешемнің суырып-салма, ерен жүйрік ешкімге дес бермейтін ақындығы ма? Әйтеуір, бір сөз күдіреті мені өзіне тартып, өз өзімнен күбірлеп, алғаш аулыма арнап өлең жазғанымды білмей де қалдым.

Үрлей ескен жел ме мынау самал ма,  
Толқын өрген жасыл шалғын далам да.  
Күніне мен жүз сүйемін аулымды  
Көңілімнің құндағына ала да.  
Сөйлеміңе қараймын да сыр алам,  
Жас балаша қылап, кейде қуанам,  
Топырағыңды уытасам еңкейіп,  
Көз алдыма елестейді ұлы анам.  
Тек өзімде бүршік жарар гүлім де,  
Тек өзіңде жарық болар түнім де,  
Саусағыммен шергілмеген күй болып,  
Жыр бөспірін көкпірегімде, тілімде.  
Жан өмірдің дөңгелегіне бірге кешірген,  
Кеудендегі бір отынмын өшпеген.  
Туған өлкем, топырағыңнан нәр алар,  
Жап жас ғана шыбығыңмын өскелең...  
1960 жылы жазылған бұл өлеңімді

оқып бердім. Аяғымды көріп, аяп кетті ме... Алматыға кел, дәрігерге аяғыңды қаратамын деді де, бір кітабына қолтаңба жазып беріп, соңына телефон санын және үй адресін қоса жазып, мені Алматыға шақырды. Содан әкем үй иесіз қалмасын деп бір әйелді алып келген. Ол кісі жайсыздау болды маған. Мінезі шайпау, күнде ұрыс-талас. Әкем соның сөзін жақтайтын секілді, дәрменсіз, жаңа үйленген жас қызбен жігіттей шымылдық құрып қойды... Мен шешемнің жаны шыққанда жатқан қоңыр кереуетін иемденіп, өзім ауызғы үйде жататынмын, олар түпкі үйде. Бір күні өгей шешем алдағы қоңыр кереуетті бізге бер, үлкен екен сен біздікін ал, саған ылайық деді:

— Жіп бермеймін, өзім осы кереуетке үйреніп кеткемін! — деп бермей қойдым...

Содан ол менімен өшігіп алды. Ауылда клуб меңгерушісімін, аудандық газетке өлеңдерім шығып, атым шығып қалған кезі. Және Құрақсу мал қыстауына барып бір милиционер жігітпен айтысып Балқаш бойында оны жеңіп, шапауша таңам сыйға, сонда самолетпен «Коммунизм ағам» газетінен («Жетісу») Мұхаметжан Дүзенов деген кісі келіп суретке түсіріп алып, мен жайында мақала жазып өлеңдерімді жариялаған болатын. Сол кезде ауданнан сол Құрақсуға Бәтима Сақауова деген хатшы барған. Сол кісінің машинасымен бірге барғанмын. Бұл 1960 жылғы қыс болатын.

Содан бірде әке-шешеме ренжігенімде шыдамай, Алматыға дәптерлерімді алып қашып келдім... Келіп автовокзалдан телефон соқтым. Әбу ағай таксимен келіп, мені үйіне алып келді. Апаймен таныстым. Маған рухани әке-шеше болды. Мейірім шуағына бөледі. Дәрігерге қаратты. Аяғымға операция жасатып, қолымнан таяқ түсті, аяқты жерге нық бастым. Өмірде таяқ түсті, аяқты жерге нық бастым. Жаксы адамдар бар екенім білдім. Барлық газет журналдарға сәт сапар берді. Тұңғыш кітабыма редактор Тұманбай аға болды. Өлеңге өнерге деген алғаш тұсауымды кесті. Мен сол кездерде Мұқағали, Жүмекен, Зейнолла Серікқалиев, Сайын Мұратбеков, Әбіш Кекілбаев, Олжас Сүлейменовтерді, Оспанханды көрдім, таныдым. Үлкен жазушылардан Әбділда, Тайыр, Сәбит, Ғабиден, Зейін, Қажым, Зейнолла Қабдоловты, Асқар Сүлейменовті, Мәриям Хакімжанованы, Шәрбану Құмарованы, Қадырды, Сейдахмет





Косжан ағаны, Шерханды, Сағиды, Шонаны, Сабырханды, Тоқашты, Ізтайды т.б. бәрі көріп үлгердім. Менің жанымға жырлары жақын Қасым, Тұманбай, Мұқағали болды...

1963 жылы тұңғыш кітаптарым оқырман қолына тиіп, әрқайсысы өз бағасын алды. 1969 жылдан бері «Қазақстан жазушылар одағының» мүшесімін. Ең бірінші ұстазым – халық, одан кейінгі ұстаздарым аты аталған аға-апаларым. Жетісуым. Өлеңге келгеніме жалпы творчестволық жолыма 40 жылдан асыпты. Осы Жамбыл ауданына көшіп келіп тұрғаныма 35 жыл болыпты. Мен алғаш Нарынқолға барып театрда әнші болып (оркестрге қосылып «Гәккүді» айтатынмын) істедім. Содан бері әртүрлі мәдени жұмыстарда жұмыс істей жүріп қолымнан қаламды тастағаным жоқ. 1983 жылы ҚазМУ-дің журналистик бөлімін бітіргенмін. Сұлтанғали Садырбаевтан, Әбдісаттар Дербісалиевтен, Тауман Амандосовтан дәріс алдым. Мұқаметжан Қаратаев, Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленовтердің жылы лебіздерін естіп қанаттандым. Әр жылдардағы бас қосқан съездерде, жыл қортындысында мақтауларын естідім.

Менің кемшілігім – сенгіштігім, ғашық болғыштығым. Әсіресе, жақсы адамдармен сырласуға ғашықтығым. Неге екенін білмеймін, әлдекімді күтіп елендеп, елегезіп



# Көзіңдемі...



## ҰЛЫЛЫҚҚА ТАҒЫМ

*Алматыға тиген кезде табаным,  
Ұлы Мұхтар жатыр екен табытты.  
Көзінен жас тамшылаған қаламым,  
Қалтырады... түспеген бір қалыпқа.*

*Тас қаладан қорқып, тоңып бозардым,  
Алынбайтын алда қамал, тау бардай.  
Бас айналып, бұлдырады көз алдым,  
Жұлдыздардан отты жаңбыр жауғандай.*

*Тіріліңде көрмей қалдым оны мен,  
Тасты жарып, тіл бітірген жас талға.  
Хакім ұлы ақын Абай жолымен –  
Жер бетінен сапар шектің аспанға.*

*Қайыспадың көрсең де азап, неше сын,  
Құлағыма келетіндей баяу үн.  
Ақырындап ақын Абай көшесін  
Әліс шертіп келе жатты тастың.*

*Гүл көзінде тамшы тұрды мөлдіреп,  
Тартып келем содан бері ой көшім.  
Айналып бір, көріп қалдым соңғы рет,  
Алақаннан Әуезовтің бейнесін...*

*Түнде ұйқы, қиып күндіз күлкісін,  
Өлмес жырдың ойға жазып тарауын.  
Жауап берген дауа болып ұлты үшін,  
Аузына бар «ақтаңдақты» жараның.*

*Күн – аспанның бетіндегі дара мең,  
Дара меңге қарай берем «Нұқ» бар деп.  
Тағзым өтіп, басын иіп бар әлем,  
Тұрды орнынан, Омарханұлы Мұхтар деп.*

*Жаратылыс жатыр енді емделіп,  
Қашанғы көл көз жасына жүземін?  
«Жер бетінде қалам десең ел болып,  
Алдыменен бесіңді түзе, елім!», –*

*Деп аңсаған келді, міне, азат Күн,  
Түк көрмеген соқыр едік, керек ек.  
Кеттің, аға, қарапайым қазақтың  
Тіліменен күмбез соғып қарамет.*

*«Көрмей қалдым» деген іште кетті арман,  
Арман-дүние шексіздігін кеш ұқтым.  
Ұлылықты – мәңгілікті бетке алған,  
Тоқтатуға... үлгері алмай кешіктім.  
Кешіктім...*

\*\*\*

*Мұхтар аға!  
Мұңымды сен тыңдашы,  
Болып ең ғой Абай, қазақ сырласы.  
Мені әлі де таңғы ұйқыман оятып,  
Әлділейді Әйгерімнің сырғасы.*

*Рухы биік ай маңдайлы ақылшым,  
(Іші күйіп, кейбіреулер аһ ұрсын).  
Қара сөздің жазушысы емессің,  
Сара сөздің патшасы, ұлы ақынсың.*

*Биікпін деп мақтанады тау несін,  
Тау тозады. Мұхтар деген мәңгі есім.  
Тоғжан қыздың шашбауындай сыңғырлап,  
Бір сөзіңе бір сөз соғар сәулесін.*

*Сол шашбаудай тіл қатасың ішкі үнге,  
Мойын бұрар, болса қуат, күш кімде.  
Ақ желкендей келе жатыр қалтылдап,  
Туған елің шексіз теңіз үстінде.*

*Қалай жүрем? Жан-жағым көп жол менің,  
Жол тасқыны доллар менен теңгенің.  
Қалайды олар қарапайым халықтың  
Қойларға ұқсап, қарсыласпай өлгенін.*

*Жалған сөз бен уәдеге ауыз бай,  
Шындықты айтқан ауыз болар жауыздай.  
Бойындағы дәнін берген қариялар  
Ұшып жатыр, желмен жеңіл қауыздай.*

*Тапшы аға, осы уақыттың бір емін,  
Өлмейінші, тірі едім ғой, тірі едім.  
Шырылдаған нәрестедей тастанды  
«Қорғаныс жүзегі күні» кешіп жүр елің.  
Ауырады жүрегім...*

### ӨМІРДЕРЕК

Қазақтың көрнекті ақын қызы Бұғыбаева (Ханифа) Абдрахманқызы Қанита, 1942-жылы 19 – наурызда Алматы облысы, Ақсу ауданы (Көкжайдақта) қазіргі «Ақын Сара» ауылында шаруа отбасында өмірге келген. Ал дүниеден 2004 жылы 21 мамырда Ұзынағаш ауылында қайтты. Орта мектепті бітіріп, еңбек жолын туған ауылының клуб меңгерушілігінен бастаған. Анасы Нұрғайша ауылына белгілі суырыссалма ақын болған. Сол кісінің ықпалымен ауыз әдебиетімен сусындап, өзі де өлең жаза бастайды. 1983 жылы Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1966-шы жылдан бері Алматы облысы Жамбыл аудандық орталық кітапханада, мәдениет бөлімінде «Өлкетану музейінде» жұмыс істеді. Бір топ өлеңдері қазақ ақын қыз-келіншектерінің «Чудесный сад» (1980-ші жылы орыс тілінде шыққан) жыр кітабына енді. Қазақтың ақын қыздары деген атпен шыққан күйтабаққа өлең оқыған дауысы жазылған. Қазақ ССР жоғарғы Советінің грамотасымен наградталған. Сондай-ақ Абай, Жамбыл, Мұхтар, Қаныштардың туған күніне арналған ақын мұшайраларына қатысып, арнайы жүлделерді иеленген. Жамбылдың 150-жылдығына орай Санкт-Петербургке барып өлең оқыған. 1993 жылы Абайдың 150-жылдығына арналған түркі елдері поэзиясының II-фестивалінің жеңімпазы атанды. Және Семейде өткен Юнесконың арнаулы шешімімен өткізген ұлы Абайдың тойына қатысқан. 1969-шы жылдан бері Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. 2001 жылғы Мемлекеттік рәміздерді насихаттауға арналған мұшайраның бірінші дәрежелі дипломымен марапатталған. 2002 жылы ақынның туған жерінде және тұрған жерінде Жамбыл ауданында 60 жылдық мерейтойы аталып өтіп, Жамбыл аудандық мәслихат, әкімшілігінің шешімімен ауданның құрметті азаматы атанды. Және Абайдың туған күніне орай (158) «Ақ жол Қазақстан» газеті өткізген мұшайраның бас жүлдегері болды. 2003 жылы «Құс жолы» жыр кітабына Халықаралық әдеби «Алаш» сыйлығын алды. Ақын Өмірден озғаннан кейін 2007 жылы «Қазақстанның Поэзия Академиясы» жарыққа шығарған «Мадонна Турана» атты таңдамалы жинаққа орыс тіліне аударылған жырлары енді.

1962 жылдары қазақтың белгілі ақындары Әбу Сәрсенбаев, Сырбай Мәуленов, Қуандық Шаңғытбаев, Ғафу Қайырбеков, Тұманбай Молдағалиев, Құдаш Мұқашевтар ақын қызға сәт сапар тілеп, поэзия көгіне үкілі үмітпенен балапандай баулып, ұшырған болатын. Екі мың жылдық «Дала жырлары» атты энциклопедиясына 2000 жылы өлеңдері енген.

Жарыққа шыққан жыр жинақтары:  
1. Тұңғыш кітап. 1963. Жазушы.  
2. Екінші дәптер. 1965. Жазушы.  
3. Ақ сүт. 1968. Жазушы.  
4. Қара торғай. 1970. Жазушы.  
5. Ару ана. 1973. Жазушы.  
6. Ана жырлары. 1971. Жазушы.  
7. Жыр және жүрек. 1977ж.  
8. Қыз дәурен. 1979. Жазушы.  
9. Көк белестер. 1982ж. Жазушы.  
10. Менің даусым. 1984. Жалын.  
11. Гүлдер көзін ашқанда. 1985. Жазушы.  
12. Қоңыр жел өлеңдер. 1988. Жазушы.  
13. Домбыра дәурен. 1986. Жалын.  
14. Шұғылалы шақ. 1990. Жазушы.  
15. Қоштасқым келмейді. 1994. Жалын.  
16. Құс жолы. 2001. Шартарап.  
17. Өң мен Түс. 2003. Елорда.  
18. Соңғы сөз. 2005. Жазушы.  
19. Адамдық жапырақ. 2011. Баянжүрек.



Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қызметін, елдің қорғаныс қабілетін, Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын нығайтуды, халықаралық әскери ынтымақтастықты, әскери кәсіпті және ұлттық қауіпсіздік органдарының кәсібін танымал ету жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ қоғамда әскери қызметтің беделін арттыру жұмысы бүгінде аса маңызды. Бұған қоса жастар саясаты да айрықша орын алатыны анық. Осыған орай біз белгілі жазушы, танымал бауыржантанушы Мамытбек Қалдыбайды сөзге тартып, арадағы әңгімемізді қазақтың әскери әдебиетіне, оның ішінде даңқты қолбасшы, Совет Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының соғыс тақырыбында жазылған кейбір шығармаларға көзқарасы төңірегінде өрбіттік.

— Александр Бектің батыр Бауыржан батальонының Москва түбіндегі қиян-кескі ұрыстары туралы әлемге кең таралған «Волоколамск тас жолы» романының «Үрей» деп аталатын бөлімінде: «— Келісіп алайық, — деп сөзін жалғастырып ойл. — Сіз шындықты жазуға міндеттісіз. Даяр кітапты маған әкелесіз. Мен бірінші тарауды оқимын да: «Нашар, өтірік жазылған! Үстелге сол қолыңызды қойыңыз» деймін. Бір! Сол қолыңыз шабылады! Екінші тарауды оқимын: «Нашар, өтірік жазылған! Үстелге сол қолыңызды қойыңыз». Бір! Оң қолдан айырылдыңыз! Келістік пе? — Келістік, — деп жауап қаттым мен. Екеуіміз де әзілдеп тұр едік, бірақ күлген жоқпыз» — деген жолдар бар ғой. Баукең өзінен неміс басқыншыларымен жан беріп, жан алысқан шайқастар сырын баяндап беруді сұраған тілшіге өте қатал қарап, оны дамыл-дамыл оқ борап, күрс-күрс бомба жарылған соғыс шебіне салып алып отырғанын аңдаймыз. Өзі қарауындағы қалың әскерімен қан майданға екі жүз жеті мәрте кіріп, аман таққан батыр, білуімізше, осы тақырыпты жазып отырған өзге дүниелерге де сонша жоғары талап қойған. Әлбетте, о кісінің кейбір пікірлері қайшылықты да болуы мүмкін. Дегенмен, өзіңізден батырдың белгілі туындыларға берген бағасын мүмкіндігінше ашық жеткізуіңізді өтінер едік. Өйткені жас ұрпақ содан ой түйіп, қорытынды шығаруға тиісті.

— Баукең майдан тақырыбындағы шығармаларға мейлінше әділ

қарап, қатты сынға алғаны рас. Оны бүгінгі кейбір оқырман аса қабылдай алмай, ренжуі де ғажап емес. Дегенмен, айтып көрейік. Көзіқарақты оқырман мәселе мәнісін өзі безбендеп, салмақтап алар.

— Ендеше сөзді соғыс туралы кесек туындылардың алдыңғы легінде тұрған Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романынан бастасаңыз. Батыр осы шығармаға қалай қарады екен?

— Бұл 1945 жылы алғаш «Қазақ батыры» деген атпен шыққан дүние ғой. Баукеңнің аталған кітапқа көңілі тола қоймаушы еді. «Басталуының өзі сәтсіз. «Қашып келемін, қашып келемін», — деп бастайды. Мұндай жауынгер елін қалай қорғамақшы?! Жазушы, қайта, қиындыққа қасқайып қарсы тұратын биік рухты көрсетуге күш салмай ма? Күрескерлік ерік-жігер қайда? Мұндай кемшіліктің бәрі соғыс табиғатын білмегендіктің кесірінен. Жарайды, қаламгер алғы шепте болмай-ақ қойсын. Бірақ сол майдан шебінде болған адамдармен ақылдасуы керек еді» дейтін...

— Шынында, соғыс туралы кесек дүние жазуға дайындалған сәтте Ғабеннің кейбір өнер адамдары секілді майданға іссапарға сұрануға ниеті болды ма екен? Әлде...

— Иә, ондай орайлар кездесіпті. Баукең де осыны айтатын: «Қартайып отырған шағы емес. Ретін тауып барып, он-он бес күн оқ-дәрі иісін сезініп қайтса артық болмас еді» деуші еді. Айтпақшы, Ғабен де кезінде әскер қатарына

шақырылған көрінеді. Шашын алдырып, гимнастеркасын киіп, енді еріксізден аттанғалы тұрған сәтте Қазақ ССР Сауда халық комиссары қызметінде жүрген Ілияс Омаров кездесіп қалады. Сөйтіп, Әскери комиссариатқа барып, бұл кісі Әдебиетке өте керек адам деп алып қалыпты. Баукең маған: «Қазақ солдатын» оқыған шығарсын. Осыдан елді ойлантатын, толғандатын қандай күрделі оқиға есінде қалды?» — деп сұрағаны да бар. Сөйтті де өз сұрағаны өзі жауап берді: «Ондай көріністер жоқ. Тартымсыз. Соғыс тақырыбын үйде отырып бал ашқан секілді жазуға болмайды ғой. Әрине, Ғабен — тілі бар жазушы. Бірақ бір ғана тіл арқылы қан майдан шындығын көрсете алмайсың. Шындық — бәрінен

Бұл ой да аз толғандырған жоқ. Қай шығармада болсын кейіпкерлерлі ең қатал сынға салу керек. Сонымен соғыстың ең қатерлі кезеңін — 1941 жылдың күзін алуға бекіндім. Бірақ мені қинағаны — ол уақытта мен майданда болғаным жоқ, тіпті әскер қатарына да ілікпеген кезім. Соны суреттеуге хақым бар ма деген сұрау да қинады. Бірақ ойлап-ойлап осы кезенді суреттеуге бекіндім. Өйткені, соғыстың табиғаты бір. Ажал — біреу. Оның үстіне мен соғысты сырттан бақылағаным жоқ, ішінде болдым. Төрт рет жараландым. Және 1942 жылы сол Москва маңы — Ржев төңірегінде соғыстым. Сөйтіп барлық жағдайды екшей келгенде — үш жыл бойғы соғыстан көрген-білгенімді — 1941 жылдың қаһарлы күзіне топтауға болады екен деген

арқылы өткізіп, әкери педагогика мен әскери психологиядан да баға жетпес мұра қалдырған айрықша тұлға ретінде ерекшеленеді. Даңқты қолбасшының осы қырын жіті түсініп, лайықты бағалаған адамдар бар ма?

— Үлкен ғалым, белгілі психолог, ғылым докторы, профессор Құбығұл Жарықбаев Алматы қаласындағы республикалық ұлттық кітапханамызда сөйлеген бір сөзінде: «Орыс психологтары арасында «Ум полководца» деген көлемді кітап жазып. Наполеон мен Суворовтың қолбасшылық әрекеттеріне ерекше психологиялық талдау жүргізген Борис Тепловтың да, сондай-ақ әскери психология тақырыбында іздене тер төгіп келе жатқан дүние жүзінің озық

# СӨЙЛЕГЕНІ — ҚАРАҒАНЫ —

қымбат» деді. Осыны айтты да, Лев Толстойдың ізденімпаздығына, керемет еңбекқорлығына тамсанды. «Ол Қырым соғысына өзі қатыспағанда, солдаттарды өзі басқарып, жаумен бетпе-бет келіп шайқасағанда «Соғыс және бейбітшілік» романын жаза алмас еді. Тіпті, бұл жөнінде ойлануының өзі неғайбіл. Одан соң ол архивте де көп отырған адам көрінеді» — деді.

— Мұныңыз қызықты дерек екен.

— Наполеон Мәскеуге кірген соң Тарутино селосына шегініп барып жайғасқан Кутузовке өзінің елшісі маркиз Лористонды жіберіп: «Екі жағымыз да соғыстан шаршадық. Енді бір мәмілеге келейік» деп сәлем айтты. Сонда Кутузов: «Сіздер шаршасаныңдар, біз әлі соғысты бастаған да жоқпыз!» деп жауап қайтарады. Осыны естіген француз императоры «ойбай, мыналар сұмдық қой!» деп шанаға отырып, алды-артқа қарамай еліне қарай зытқан екен. Әскері әбден бүрсендеп тоңған. Тоз-тозы шығып, әлсіреген. Құр сүлдері қалған. Аш-жалаңаш. Келетін азықтың жолын орыс партизандары кесіп тастапты. Толстойға осы жәйтті архивтен оқыған соң жазу туралы ой келеді. Бұған қоса ол француз тарихшыларының да ғылыми еңбектерін пайдаланыпты. Сондай-ақ оқиғаны дамытып, шығарманы шырқау шегіне жеткізе түсу үшін соғысқа қатысқан тірі куәлердің естеліктеріне де сүйенеді. Баукең осы жәйтке сүйсінетін. «Ал Ғабит Мүсіреповтің архивтерде отырған-отырмағанын білмейміз» дейтін.

— Әрине, майданға тікелей өзін кіріп, көп оқиғаны өз басыңнан өткерудің жөні бөлек қой. Атақты «Қаһарлы күндер» романының авторы Тахауи Ахтанов кейін өзінің осы шығармасына келуі туралы: «Мен соғысқа 1942 жылдың күзінен бастап аяғына дейін қатыстым. Көргендерім аз емес. Ал осы шығармама қай тұсты өзең етіп аламын, қандай оқиғаларды берем?

ойға келдім» — деп жазыпты. (Ахтанов Т. Керуен. Әдебиет туралы ойлар. «Жазушы». — Алматы. 1969 ж. 268-б.).

— Баукең үнемі оқтың өтінде жүріп сарбаздарын шабуылға өзі бастап шыққаны мәлім. «Шайқастардың бірінде жас қазақ жауынгерімен екпіндеп қатар кетіп бара жатқанмын, — деп әңгімелегені бар. — Қыстың күні. Қақаған аяз. Әлгі жігіт бір мезгілде оқ тиіп, мұрттай түсті. Жүзіне қарасам, түрінде жеңіске деген құштарлығы, сенімі ұйып қалғандай екен. Таң қалдым. Адамның психологиясын өлімнің өзі де бірден өзгерте алмайтын болып шықты. Сөйтіп антарылып тұрғанымда тұсымнан: «Сволочи! Нашего помкомвзвода убили!» деп жүгіріп өтіп бара жатқан орыс солдатты да кенет ажал құшты. Менде оған қарайлайтындай жағдай жоқ. Алға қарай аршындай ұмтылып, құстай ұшып келемін. Әлден мезгілде Молчанов деген командирлердің бірі жараланып құлап жатқанын көрдім. Қолтығынан демеп, көмектеспекші болып едім: «Жолдақ, комбат! Маған бола алаңдамаңыз. Алға кете беріңіз. Жәрдемдесетін біреу табылады ғой. Бөгелмеңіз!» деді. Қандай саналылық! Ауыр жараланса да шешуші сәттегі борышты жіті сезініп жатыр. Кезінде Ілияс Омаров: «Сен Бауыржан, соғыстан кейін Мәскеудегі Әдебиет институтына түс. Өзінді Әдебиетке арна» деп ақыл қосып еді. Мен ақымақ болып әскери салаға кетіп қалдым. Академияда сабақ бердім. Сөйтіп уақыттың көбін өткізіп алыппын. Майдан әңгімелерін Әзілханға, саған талмай айтып жүрген себебін, көрген-білген, көкейге түйгенімнің бәрін өзім қағазға түсіріп үлгері алмайтын болған соң барлық сөзді сендер арқылы қалайда ұрпаққа жеткізсем бе деп талаптанамын»...

— «Психология» деп қалдыңыз. Бауыржан Момышұлы қан майданда оқ пен от ішінде жүріп әрбір сарбаздың, әрбір кіші командирдің соғыстағы жай-күйін жан-жүрегі

психологтарының да еңбектерін салыстыра оқығанымда, біздің Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітабы» («Соғыс психологиясы») бәрінен еңсесі биік, өте терең еңбек деген тұжырымға келдім. Өкініштісі, оны өз деңгейінде талдауға біздің психологтарымыздың өресі жетпей жатыр» — деді. Сол секілді кезінде Әскери Академияда Баукеңнің алдын көрген, СССР Қарулы күштері Тылы бастығының бірінші орынбасары, штаб бастығы, генерал-полковник Иван Голушко да өз кітабында: «Біз барлық кезде Момышұлы лекциясын қызығушылықпен күтетінбіз. Ол қандай бір материал болсын, көбіне қағазға қарамай, схемаға, әскери тәжірибеге сүйеніп түсіндіріп, әр тезисіне өнегелі мысалдармен бекітетін. Тактикалық күрделі мәселелерін творчестволықпен шеше білуге баулитын. Ол шенге бас имес қарапайымдылығымен және тыңдаушылардың бәріне қатаң талап қоя білетін қасиеті арқылы біздің сүйіспеншілігімізге бөленген еді» деп жазыпты. Бұл — зор баға. (Голушко И.М. Солдатты тыла. — М.: Воениздат, 1982. — 196 с.).

— Алапат өрт ішінде пісіп, найзағай отына суарылған ақ алмастай жарқылдаған Бауыржан батырдың соғыс жайындағы әрбір шығармадан мейлінше дәлдікті, жан-жақты тереңдікті күтетінін, қаны сорғалаған шындықты талап ететінін түсінуге болатын сияқты. О кісі соғыс жылдарында «Халық — қаһарман» (1941), «Емен» (1944) деп аталатын кітаптар шығарып, соғыс ауыртпалығын жырлаған Ғали Орманов еңбегіне қалай қарады екен?

— Ақын Ғали Орманов соғысқа барыпты. Майдан ахуалын көріп, біліп жазған адамдардың санатындағы қаламгер. Бірақ Баукең бұл кісінің де шығармашылығына көңілі толмады. «Дарыны жетіспікірмеді. Екіншіден, тақырыпқа деген қызығушылығы, құштарлығы азырақ болды» дегені есімде.

– Майдангер жазушы Сәуірбек Бакбергенов те әскери тақырыпқа едәуір қалам тербегені мәлім. Тіпті, бұ кісі де әйгілі Панфилов дивизиясы құрамында қызмет етті білем.

– Баукең Сәуірбек ағаны да тілі бай қаламгерлер қатарына жатқызатын. «Оны бірде осы жағынан Шерханға мақтағанымда, ол інім менің тілім одан гөрі құнарлырақ дегенді аңғартты. Сәуірбектің тілі көркем, кестелі болғанымен, соғыс тақырыбындағы жазғандары үстірт екені рас. Оның бір шығармасында әскери комиссар бірнеше адаммен жау қоршауында қалып, ең соңына дейін атысады. Немістер ақырында олар бекінген шағын үйге өрт қояды. Сонда әлгі жетекші партиялық билетін көтеріп шығып,

етуші катал командир ойының нақтылығы қайда? Жауынгерлік тапсырманы орындау жөніндегі неғылған әңгіме, бос мылжын, кімнің саптың басында жүруіне байланысты неғылған саудаға салушылық, неғылған еркіне салушылық пен жалынып-жалбарынушылық?.. Сіздің Төлегеніңіз ұрыс даласының солдатынан гөрі сахна сайқымазағына айналған. Достармен қарым-қатынаста тік әрі дөрекілеудің – бұл менің кемшілігім. Сіздің ағаттығыңызға тек жазалаумен ғана көмектесе алатыным өте өкініш білдірмекпін. Аса құрметпен, өзіңіздің Бауыржаныңыз. 17.11.1942. (Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Алматы; Қазақстан, 1991. – 229-б.)

күнделігінде жазыпты. Дегенмен, батыр Мұхтар Әуезовті аса жоғары бағалап, жақсы көргені анық. «Намыс гвардиясының» қалай жазылғанын, алғаш идея қалай туғанын анық біле қоймаймын. Тегінде, бастаманы Мұхтан көтерсе керек. Баукең драмалық шығарманың кемшіліктері туралы айта келіп: «Біліп жазбағаннан кейін елдің көңілі қалады, халыққа кері әсер етеді. Ал кәсіби біліктілікпен жазылса, авторлар бұқара көпшіліктен қаншама алғыс алар еді, қаншама рухани байыр еді. Қайратына қайрат, ақылына ақыл қосар еді. Ал «білмеген у ішеді» демекші, дүниетанымның тарлығы бәрін бүлдіреді» дегені бар. Батыр 1944 жылы Москвада да жазушылар алдында сөйлеген екен. Осы жиынға Қазақстан коммунистік

келіскендей. Арасында шешеннің әділ сөзіне гәнгі болып қол соғып, ризалығын жасырмаған да адамдар бар секілді. Жазушы Алексей Сурков үзілісте әдейі бұрылып келіп амандасып, Баукеңнің арқасынан қағып: «Жарайсың, ерім! Ризамын!» депті.

– Қарап отырсақ, Баукең әлгі сәтте отыз төрт жаста екен. Әдебиетке деген дайындығы сол кездің өзінде атайысы әлем жазушыларының ешқайсынан кем еместігі айқын көрінеді.

– Ол рас. Баукең: «Жазушы адам көп ізденуі қажет. Нағыз биікке шығу үшін көп білу керек. Өзіміздің дүниелерді ғана емес, шетелдік озық шығармаларды да еркін игеруге тиісті. Әсіресе, қазақтың халық ауыз әдебиетінің мұраларын жақсы білуі керек» дейтін. Мәселен, «Қыз Жібек» жырындағы Төлеген мен Бекежанның образдарына тамсанатын. Бекежанды «Тарлан» деуші еді. «Көрмейсің бе, «өлтіріп Төлегеннің атын алдым!» деп жападан-жалғыз өзі қасқайып келіп тұр! Кімнің қолынан келеді мұндай ерлік?! Ал сендер оны «жағымсыз кейіпкер» дейсіңдер» деп күлетін-ді.

– Батыратақты партизан Қасым Қайсеновтің шығармашылығына қалай қарады екен?

– Қасекеңді жек көрмейтін. Бірақ «ол дүниетанымның кеңейте түссе жақсы болар еді» деуші еді.

– Бауыржан Момышұлы ғұмырбаянына қатысты көрнекті шығармалардың бірі Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» диалогиясы ғой. Батыр бұ кісінің еңбегін қалай бағалаған?

– Жоғарыда Қасекең айтқан кемшілік бұ кісіде де жоқ емес дейтін. Бірақ ол саған қарағанда ширақ, іскер, сенен он есе пысық дер еді. Бірде Әзекең Баукеңді Дмитрий Снегин, Сапарғали Бегалиндермен бірге үйіне қонаққа шақырыпты. Сонда: «Әлгі отырыстан рухани жағынан қоныл тақсынықырап қайттым. Нәрлі әңгіме ала алмадым» деп қалғаны бар. «Ақиқат пен аңыз» кітабы талқыланды кезде Әзекең: «Бауке, ертен талқылау болатын еді; сіз де қатыссаныз» деп қолқа салыпты. Сонда Баукең: «Сен, Әзілхан, қызық екенсің ғой. Мен сені ақылды жігіт пе деп жүрсем, мұның қалай? Бұл – мен туралы жазылған кітап, сондықтан ешқайсың қарсы шықпаңдар деп қалай бармақшымын? Өз кітабыңды өзің қорғап шық. Қорғай алмасаң, қор болып жүр» деп ренжіпті. Талқылаудан кейін Әзекең: «Маған кейбір адамдар қатты айтты, Бауке. Қатты сынады» деген екен.

– Сынаған кімдер екен? Сіз білесіз бе, Мәке?

– Әсіресе, Сәуірбек Бакбергенов: «Сенің Бауыржан Момышұлына, Александр Бекке қосқан қандай жаңалығың бар? Оны байқай алмадың. Әңгімені баяндаушы – Бауыржан. Сондықтан кітаптың қаламақысын соған беру керек» деп мұқатқан көрінеді. Сонда Баукең Әзекең: «Оларға өкпелеудің қажеті жоқ. Шүкір деу керек. Маған көптеген оқырмандар хабарласып, кітапты рахаттанып оқып жүрміз, еңбек жақсы деп жатыр. Қапаланба, жазушыға бұдан артық баға болмайды» депті.

– Батыр өзі де өте еңбеккер адам екенін аңдаймыз. Өле-өлгенше қаламы қолынан түспеген жанкешті кісі екені байқалады. Мұның сыры неде?

– Иә, Баукең қандай жағдайда да қағаз-қаламына адалдығын сақтаған адам. Жоғарыда

айтылғанындай, ол көкейіндегі мол қазынасын халқына жеткізуге тырысты. Кейде маған телефон соғып: «Мен сені сағынғаннан немесе өзіңе әлдебір жағдай жасайын деп хабарласып отыр деп ойлап қалам. Өзімнің миымды жаттықтыру үшін, ой-санам қалпында ма екен, алжымаппын ба, соны тексергелі қонырау шалып отырмын» дейтіні бар еді.

– Сізді де сынаған кездері бар шығар?

– Әрине. Менің өзі туралы алғашқы кітабымның екі жүз беттейін оқып кетті ғой. Маған да қатты сындар айтты. «Сен портретті қайта-қайта бере береді екенсің. Бір жерде бергеннен кейін жетпей ме! Одан соң кейіпкер тілін сақтамайтын көрінесің. Оқырман оқып отырғанда бұл пәленше жазушының кітабы деп жазбай тануы керек. Лирикаға көп барасың. Оның түрі мынандай: «Қыз бен жігіт тоғайға барыпты. Мамытбек пен Әсемқұл екеуі көк майсаның үстіне құлай кетіпті» деп жазасың. Жұрт бұдан не ұғады? Олардың ішкі ойы, сезімі, көзқарасы қайда? Табиғат көрінісі ше? Және табиғат деген тек орман-тоғай емес, оған адам болмысы да жатады. Мысалы, сен кенет кіріп келгенде мен тыжырынып қалуым мүмкін. Немесе қуанамын. Бұл да табиғаттың көрінісі. Кейбір адамдардың көңіл күйін, оның қандай кісі екенін дауысынан-ақ аңдайсың. Жүрісінен танисың. Психолог болсаң, мұның бәрін телефон арқылы да біліп отырасың» деді.

– Баукең соғыс тақырыбына қалам тартқандардың арасынан кімдерді жоғары бағалаған?

– О кісі Совет Одағының Батырлары Нарсұтбай Есболатов пен Төлеген Тоқтаровтың ерлігіне арналған «Ер туралы жыр» (1942), «Жиырма бес» (1942) поэмаларының авторы, Халық ақыны Нұрпейіс Байғанинның еңбегіне бас иіді. Әлбетте, Жамбыл Жабаевты қадір тұтты. Лайықты мақтан етті. «Жәкеңнің бір ғана «Ленинградтық өренім» жырының өзі ғажап емес пе!» деп масаттанушы еді. Майдан даласында мерт болған Баубек Бұлқышевтың дарынын лайықты бағалады. Аузымен құс тістеген өзін бір осы қаламгерлерінің өзін жолда қалдырып кетті деп тамсанатын. Одан соң өзінің батальонында саяси жетекші болған Мұхаметқұл Слэмқұловты биік қоюшы еді. Ол кезінде «Социалистік Қазақстан» газетінде жұмыс істеген қаламы жүрдек журналист екен. Сарбаздарды алғы шепке бастап бара жатқанда неміс мергені тура мандайдан атыпты. «Мұхаметқұлдың сүйегін құшақтап еңіреп жыладым. Ол тірі қалғанда керемет роман жазатын еді. Оның өліміне әлі күнге дейін өкінемін» деді.

– Елдің арасында батыр Бауыржанды әлі күнге дейін күндейтіндер бар. Неге олай?

